

**"Асыл Әшім" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2018-2019 оқу жылының
педагогикалық кеңестің хаттамалары**

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

04.09.2018ж

қатысқандар-20

Күн тәртібінде :

- 1.2018-2019 оқу жылының жылдық жоспарын, күн тәртібін талдау, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудегі жаңалықтар, өзгерістер мен толықтырулар». Оқып танысу, талқылау. Әдіскер Н.Аманова
«Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдар.» Өтпелі тақырыптар арқылы перспективалық жоспар құру, білім беру процесін ұйымдастыруды жоспарлау
Әдіскер Н.Аманова
- 3.Жазғы сауықтыру шараларының есебі.
- 4.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Баисбаева сөз алды. Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, ол сөзінде балабақшаның алдағы жылдық мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті және балабақшаның күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекітті.

Ол өз сөзінде былай деді:«Өткен жылы балабақшамыздың негізгі мақсаттары етіп «Денсаулық», «Таным» және «Шығармашылық» салаларын белгілегенбіз. Денсаулық саласы бойынша денсаулық бұрыштары, шынықтыру шаралары бойынша оқу құралдары, көрнекіліктермен толықтырылды. Ата-аналармен бірге түрлі эстафеталық іс-шаралар ұйымдастырылды. «Таным» саласы бойынша жыл мезгілдеріне арнап табиғат бұрыштарын жасадық. Түрлі сенсорикалық ойыншықтармен толықтырылды. «Шығармашылық» саласы бойынша түрлі көрмелер ұйымдастырылды. Осы салалар бойынша әлі де жұмыстар жүргізілуі тиіс, сондықтан биыл да осы білім салаларын қайта алып отырмыз.

Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр топқа арналған күн тәртібін және сабақ кестесін түздік.Белгіленген күн тәртібін сақтап,жұмыс жүргізесіздер, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі ұзақтығы сақталуы тиіс.Ата –аналарды, балаларды күн тәртібі бойынша жүруге дағдыландырайық. Балалардың сабаққа, ойынға ықыласын арттыруда көрнекіліктер,ойыншықтардың атқарар рөлі зор.Ұйымдастырғанда көңіл бөліп,жауапкершілікпен қарауларыңызды талап етемін» деді.

Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған. Сонымен биылғы жылдың мақсаты:

1. «Денсаулық» білім беру саласы.

Мақсаты: Өзінің денсаулығына қарайтын, тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздік ережесін сақтайтын тұлға тәрбиелеу, мәдени – гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, белсенді қимыл - қозғалысын дамыту.

2. «Таным» білім саласы. Танымдық іс- әрекеттің дағдыларын меңгерген, әлеуметтік ортадағы жағымды мінез-құлықпен қатынасқа қабілетті әлеуметтік бейімделген шығармашыл тұлға тәрбиелеу, сана сезімін, ой-өрісін, қиялын дамыту және өзін-өзі тану арқылы балалардың танымдық пен әлеуметтік құзыреттіліктеріне тәрбиелеу.

3. «Шығармашылық» білім беру саласы - мектепке дейінгі кіші жастағы балаларды шығармашылық- эстетикалық тәрбиелеуге, бала бойында эстетикалық эмоциялар мен сезімдерді дамытуға, музыка, ән, бейнелеу өнері салаларында қарапайым білім, білік және дағды элементтерін қалыптастыруға бағытталған. ҚР «Білім туралы Заңын», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мемлекеттік стандарт ережелерін негізге ала отырып оқу тәрбие жұмысын жүргіземіз. Әрбір педагог балалардың жас ерекшелігін ескере отырып осы мақсаттарға жетуде еңбек етеміз және бекітілген күн тәртібін сақтап, кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізіледі – деп сөзін аяқтады.

Тыңдалды : Екінші мәселе бойынша әдіскер Н.Аманова сөзге шықты. Ол өз сөзінде : « Мектепке дейінгі тәрбие мен оқу жүйесін нормативтік-құқықтық қамтамасыз етудегі жаңалықтар, өзгерістер мен толықтырулар» жайлы оқып таныстырды. 2018-2019 оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйымдардың басты басымдылықтағы мақсаты жайлы оқып өтті. Балаларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу; «Рухани жаңғыру» , «Туған жер» бағдарламалары аясында жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу; - балалардың ерте жастан әлеуметтік дамуы мен өз бетінше үйрену дағдыларын дамыту.

Типтік оқу жоспары

«Қазақ тілі» (Орыс тілі) ҰОҚ оқыту сағаты вариативтік компонент есебінен ұлғайтылады:

- II кіші топта - 0,5 с болса. (1 с. болады);
- ортаңғы топ- 0,5 болса. (1 с. болады);
- ересектер тобында - 1с. болса (2 с. болады.)

- Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарын таныстырып өтті.

- ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР өтпелі тақырыпқа негіздей бір жылға жоспарланады.
 - ЦИКЛОГРАММА әр аптаға
 - БЕС БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ БОЙЫНША ҰОҚ ЖОСПАРЛАРЫ
 - МОНИТОРИНГ келесі бағыт бойынша жүргізіледі: - әр баланың даму көрсеткіші;
 - - топтың даму көрсеткіші;
 - - мектепке дейінгі ұйым балаларының даму көрсеткіші;
 - - аудан, қала, облыс, республика бойынша баланың даму көрсеткіштері.
- Өтпелі тақырыптар арқылы перспективалық жоспар құру, білім беру процесін ұйымдастыруды жоспарлауды айтып өтті.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша яғни «Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдарды әдіскер Н.Аманова оқып өтті.

Ұйымдастырылған оқу қызметі барлық топтарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес өткізіледі. Педагог білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында Перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма құрастырады.

Балаларды қабылдау, ұйымдастырылған оқу қызметі, серуен, балалардың үйге қайтуы және т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және өтпелі тақырыптарға сәйкес бір аптаға арналған Циклограмма құрастырылады. Циклограмма құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрастырылады.

Педагог өтпелі тақырыптарға сәйкес ойындар өткізіп, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындалады,

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Циклограммада анықталған тақырыптарға сәйкес өткізіледі. Педагог ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу үшін педагог алдын-ала қажетті әдебиеттерді, оқу-әдістемелік кешендерді, суреттерді, ойыншықтарды, аудио-бейне материалдар және т.б. дайындап алуы қажет. Олар өтпелі тақырыпқа сәйкес және білім салаларын кіріктіруді қамтамасыз етуі тиіс. Ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы:

I. Кіріспе бөлім (тақырыпқа ену, өткен материалды қалай игергенін білу үшін жетелеуші сұрақтар, жаңа тақырыпқа біртіндеп көшу).

II. Негізгі бөлім (жаңа тақырыпты ашу).

III. Қорытынды бөлім (қайталау және бекіту).

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымда «өтпелі» тақырыптар арқылы білім беру процесін ұйымдастыру барлық білім беру салаларын, балалар әрекетінің алуан түрлерін бірыңғай кеңістікке кіріктіру арқылы жүзеге асырылады. Демек, педагог өз әрекетін баланың дамуын, оның қызығушылықтарын бақылай отырып жоспарлайды. Перспективалық жоспарлаудың құрылымы қыркүйектен мамырға дейін барлық оқу жылына көзделген 9 өтпелі тақырыптар бойынша ұйымдастырылған (соның ішінде 4 тақырыпша). Әр тақырып бір айдың ішінде оқытылады, -деп тәрбиешілерге тағы да бір түсіндіріп өтті.

Тыңдалды тәрбиеші П.Бердалиева, Д.Абдуллева «Жазғы сауықтыру шараларының туралы есебі .

Жаз мезгілі бала өмірі үшін өте қызықты, маңызды кезең екенін, балалардың денсаулығын нығайту үшін атқарылған жұмыстарға тоқталды. Жазғы күн тәртібі бекітіліп, оқу іс-әрекеттер, дене шынықтыру мерекесі, апталықтар өткізілгенін айтып өтті. Балалар шығармашылығын дамытуға сурет көрмесі, асфальтта сурет салу, ән-би кеші, сондай ақ дене шынықтыру мерекесі және балалар тілін дамытуға арналған театрлар апталағы өткізілгенін, бұл іс шараларға балалар белсенді қатысқанын айтып өтті.

Пікір білдірді: меңгеруші А.Баисбаева тәрбиешілердің жазғы сауықтыру шынықтыру жұмыстарының өтілуін қанағаттанарлық деп есептеуді ұсынды.

Ұжым педагогтары бұл ұсынысты қуана құптайтындықтарын білдірді.

Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша яғни, тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту жөнінде балабақша меңгерушісі А.Баисбаевасөз алды. Ол өз сөзінде :

Өткен кеңесте шығармашылық жұмыстарыңызға есеп беру кезінде де «Елбасымыздың сапалы білім беруге қол жеткізуіміз керек деген тапсырмасын сөзге тиек еткен едім. Іздену ,даму,еңбектену жұмыстарын бірде-бір педагог тоқтатпасын, ізденіп жұмыс жасайық,жаңа технологияны меңгеруге ұмтылып,қызықты етіп,педагогикалық үдерісте балалар жалықпайтын ,ықыласын арттыратын әдіс-тәсілдерді меңгеруге ,жүргізуге бет бұру керектігін айтқанмын.

Жаңа оқу жылында тандаған шығармашылық тақырыптарыңызға ерінбей материалдар іздеп ,жинақтап, жаңа тұрғыда байланыстар тауып ендіруді тапсырымын. Бекітілген тақырыптармен жүргізуде табыс тілеймін-делі.

Шешім :

1. Балабақшаның бекітілген жылдық жоспары, күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша оқу-тәрбие жұмысының жүйелі жүргізілуіне бақылау жасау әдіскер Н.Амановаға жүктелсін.

2.«Мектепке дейінгі ұйымдарда перспективалық жоспар мен циклограмманы құрастыруға әдістемелік ұсынымдарға сүйене отырып,перспективалық жоспар өтпелі тақырыптар бойынша түзіліп, ұйымдастырылған оқу қызметтері ұйымдастырылсын.

3. Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарына сай ізденіп,материалдар жинақтауды жалғастырсын. Жауапты: тәрбиешілер.

Төрайымы:  А.Баисбаева
Хатшы:  Н.Аманова



Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

15.10.2018ж

қатысқандар-20

Күн тәртібінде :

1. Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. Бастапқы бақылау. Балалардың бастапқы білім деңгейін бақылау. Жан-жақты тексерудің қорытындысы.
3. « Түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік ұсынымдары».
4. «Күз мереке,күз береке» атты тақырыбына арналған көрме.
5. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерді талқылау.

Тыңдалды : Өткен кеңестердің шешімдерінің орындалуы жөнінде бөбекжай-балабақша меңгерушісі А.Баисбаева сөз алды : Өткен кеңесте атап өткендей жылдық міндеттеріміз «Денсаулық», «Шығармашылық» және «Таным» саласы етіп берілген. Демек оқу – тәрбие үдерісінде осы салалардың мақсат, міндеттеріне мән береміз. «Денсаулық» саласында таңертеңгі жаттығудан бастап, сауықтыру шаралары спорттық мерекелер, қимылды ойындар, дене шынықтыру сабағы медбикенің қатысуымен өткізіліп, баланың физикалық және психологиялық дамуына жағдай жасаймыз. Және балаларды ойынға , қимыл – қозғалысына ықылас – ынтасын арттыратын құралдар мен, атрибуттармен толықтыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырамын.Қимыл қозғалысқа сәйкес сазды – әуендер жинағын тауып, ұнтаспаға жаздырып, жұмыс жасаңыздар.

Тыңдалды балабақша меңгерушісі А.Баисбаева бастапқы мониторинг қортындысымен таныстырып өтті. Педагогикалық диагностика –бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интеллектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге бастапқы мониторинг өткен оқу жылындағы қортынды мониторинг негізінде жасалынатынын айтып өтті. Балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші % болғанын айтып, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісім берді.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Аманова оқып таныстырды. Түрлі жас тобы мектепке дейінгі ұйым меңгерушісінің бұйрығы негізінде ашылады. Түрлі жас топтарында білім беру процесін ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары бар. Педагог түрлі жас топтарында ұйымдастырылған оқу қызметтерін ұйымдастыра отырып, топтың әрбір баласын жасына, жынысы мен жеке ерекшеліктеріне қарамастан білім беру процесіне белсенді тартуға ықпал етуі қажет.

Түрлі жас тобында педагогикалық процесті өткізуде мыналарды ескеру қажет:

- кіші жастағылар жұмысқа кештеу қосылады да ерте бітіреді;
- ересек жастағылар кіші жастағыларға қарағанда басқаша кіріседі;
- бір топта балалардың өзбетінше жұмысы, басқасында педагогпен бірлескен әрекет ұйымдастырылады.

Тәрбиеші-педагогқа алдын-ала оқу жылының басында әрбір аралас топта балалардың туылған мерзімі мен жасын көрсетіп, шағын топтар бойынша балалардың тізімін жасау қажет. Мұндай жұмыс топтағы балаларды шағын топтарға бөлуге мүмкіндік береді. Топтың толымдығына сәйкес балаларды былай бөлуге болады: 2 жастан 4 жасқа дейін, 4 жастан 6(7) жасқа дейін. йынша кеңес беру және әдістемелік көмек көрсету. Әдіскер Н.Аманова әдістемелік ұсынымның келесі бөлімдерімен оқып таныстырды: «Түрлі жас топтарының қызметін ұйымдастыру», «Түрлі жас топтарында балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың негізгі тәсілдері», «Түрлі жас топтарында білім беру процесін жоспарлау», «Дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойылатын талаптар», «Түрлі жас топтарындағы күн тәртібін ұйымдастыру», «Мектепке дейінгі ұйымдардағы түрлі жас топтарында ойын әрекетін ұйымдастыру».

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Баисбаева сөйледі. Қазан айында балалармен бірге ата-аналармен «**Күз мереке, күз береке**» атты тақырыбына арналған көрме ұйымдастырамыз. Күз көрмесіне көкөністер мен жемістерден әртүрлі көрнекіліктер жасу керек екендігін айтып өтті. Күздік гербарий ерекше әдемі. Сары, қызыл, алуан түрлі..... Орманның алуан түрлі жапырақтарын санау мүмкін емес, кепкен гүлдер мен жапырақтардан картиналар, неше түрлі бейнелерді жасап шығаруға болады. Жаздан бір естелік болып қалады. Декоративті рамкаларға кепкен өсімдіктерден гербарий жасау, пано жасаудан байқау ұйымдастырайық. Жақсы қатысқан ата-аналарға алғыс хат дайындайық, деп сөзін аяқтап, тәрбиешілерге жүктелді.

Тыңдалды : Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

Ерте жас «Ботакан» тобында сөйлеуді дамытудан өткен «Қуыршақты тамақтандыру» қоршаған ортамен танысудан С.Шамшиеваның ұйымдастырылған оқу қызметі жөнінде әдіскер Н.Аманова сөз алды: Тәрбиешінің дайындығы жақсы, көрнекілік-құралдары да сапалы.Сабактың құрылымы да балаларға қызықты әрі тартымды болды.Балалар берілген сұрақтарға бірлесе жауап берді. Қуыршаққа жанашырлық кейіп танытуды, ойыншықтарға қамқорлық жасау арқылы балалардың қызығушылығын арттырды.

II кіші «Балбөбек» топ тәрбиешісі Д.Абдуллаеваның «Геометриялық пішіндердің сиқырлы әлемі» атты қарапайым математикалық түсінікті қалыптастырудан ұйымдастырылған оқу қызметін өтті. Геометриялық пішіндер арқылы баланың логикалық ойлауын дамыту, пішіндермен таныстыру, М.Монтессори әдісі бойынша қол, саусақ моторикасын дамытуды алға мақсат етіп алған. Топ таза, жарық, дамытушы орта құрылған, тәрбиешінің дайындығы жақсы. Көрнекіліктер үлкен әдемі етіп жасалған. Геометриялық пішіндер Ф.Фребельдің материалдарынан жинақталған көрнекіліктері сапалы, бала санына сәйкес болды, слайд арқылы ойындар ойнатты . Балалар жалыққан жоқ, сергіту сәті де болды, жалпы іс – әрекеттер ауысып отырды.

Шешім :

1. Балаларды көркем сурет туындыларымен таныстыруда баланың дамуындағы міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етілсін. Жауапты : жалпы педагогтар
2. «Күз береке, күз мереке» атты көрме қазан айының 25 жұлдызында таңғы сағат 10 –да ұйымдастырылсын. Күз көрмесіне қойылатын жұмыстардың сапасы мен жабдыкталуы қойылған талапқа сәйкес орындалуы, көрмені дер кезінде тиісті орынға орнатылу жауапкершілігі әдіскер Н.Амановаға жүктелсін.
4. Тәрбиеші Д.Абдуллаеваның сабағының әдіс - тәсілдері оқу – тәрбие үдесінде пайданылсын.

Төрайымы  А.Бәисбаева
Хатшы Н.Аманова



№3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

19.12.2018 ж

Қатыскандар саны –9

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Балалардың шығармашылығын дамыту»

- 1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Сықырлы қыс» Ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің қыс көрмесі.
3. «Балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жаңашыл әрекеттер ендіре отырып жүргізу.» Баяндама. Тәрбиеші М.Жаманшаева
- 4.«Балалардың бейнелеу өнерінен жұмыстарын зерттеу» (тақырыпты тексеру)
- 5.Ұйымдастырылған оқу қызметтерін талқылау.

Тыңдалды : балабақша әдіскері Н.Аманова өткен кеңестің орындалуына есеп берді. «Күз береке, күз мереке» атты ата-аналармен бірлесіп өткен көрме ойдағыдай өтті. Ата-аналар барынша қолдан жасаған көрнекіліктерінен көрме жасады.Көкөністер мен жемістерден жасалған ертегі кейіпкерлері көздің жауын алатындай әдемі жасалған, балалар оны көріп қатты таңғалып, қуанып қалды. Асқабақтан Күлше қыздың күймесін жасап, алмалардан қырықаяқты құрастырып , киярлардан балалардың сүйікті мультфильмінен кейіпкерлер жасалды. Кепкен гүлдер мен жапырақтардан пано жасалып қойылды.Көрме өте қызықты өтті. Белсене қатысқан ата-аналар марапатталып, күз мерекесіне арналған дастархан ұйымдастырылды..

Сөйледі : «Сықырлы қыс» көрмесі жайында балабақша әдіскері Н.Аманова сөйледі. Осы айдың ішінде ортаңғы «Қарлығаш» тобында қыс көрмесін өткізуді жоспарлап отырғанын айтты. Балалардың қыс бейнесін сомдаған колөнерлері, салған суреттерінен көрме ұйымдастырамыз деді.

Тыңдалды: тәрбиеші М.Жаманшаева «Балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жаңашыл әрекеттер ендіре отырып жүргізу» тақырыбында баяндамасы тыңдалды. Жеке адамды қалыптастыру үшін оқытудың мазмұнын жаңартатын жаңашыл, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз керектігін, жаңа технологияны пайдаланудың маңызына тоқталып өтті. Балабақшада балаларды жалықтырмай жылдам оқытудың әдістерін пайдаланудың көптеген әдістері бар екенін дәлел келтіре, төмендегідей сипаттап өтті.

1. Логикалық және дидактикалық ойындар пайдалану арқылы балаларға білім беру.

2. Триз элементтерін қоршаған ортамен таныстыру және экология іс – әрекеттеріне кірістіру.
3. Сурет арқылы мақал – мәтел құрастыру. т.с.с. әдістерді қолдану жолдарына тоқталып өтті.

Сонымен бірге тәрбиеші балалардың тілін дамыту, ертегіне қайта айтып беруде мнемокестелерді қолдану туралы түсіндіріп өтті.

Пікір білдірді балабақша меңгерушісі А.Баисбаева ақпаратты технологияны пайдалану туралы балабақшаға интернет желісін ендіруге уәде берді.

Сонымен бірге интернет желісінде мнемокестелер, орыс тілі сабағында қолдануға болатын «живая мнемотехника» жарияланып жатқанын айтып, балалармен жұмыста қолдануды ұсынды.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

4. Балабақшада өткізілген ашық қызметті талдау бойынша балабақша әдіскері А.Баисбаева пікір білдірді.

Тыңдалды: «Бейнелеу өнерінен балалар жұмысын зерттеу» тақырыпты тексеру қорытындысымен балабақша меңгерушісі А.Баисбаева таныстырып өтті.

«Қарлығаш» ортаңғы тобында бейнелеу өнері оқу іс әрекеттері бағдарлама талаптарына сай жобаланған, оқу әс әрекеттер толық өткізілген. Топтарда сурет салуда заттық, сюжетті және сәндік суреттер салғызу орындалғанын, мүсіндеу оқу қызметінде балалардың мүсіндеу дағдылырын меңгеруі қанағаттанарлық екеніне тоқталып өтті. Сонымен бірге меңгеруші төмендегідей кемшіліктер анықталғанын айтып өтті:

1) Топтарда ұжымдық жұмыстар аз жобаланған.

2) Дәстүрден тыс әдістер жобаланбаған.

3) Ортаңғы топтарда сурет салу техникасын 70% бала меңгерген. Барлық 100% бала толық іскерлігі қалыптасуы керек.

Бейнелеу өнері түрлері декоративті, сюжетті аз жобаланған.

Мүсіндеуде заттарды әсемдеу (моншак, дәндер, макта, жүндер пайдаланып) жүргізілмеген.

Пікір білдірді: Балабақша әдіскері Н.Аманова бейнелеу өнері ол эстетикалық тәрбие беру көзі екенін, балалар өз жұмысынан көркемдік сезім алатынын айтып, сурет салу, мүсіндеу және жапсыру оқу қызметін өткізуді өте жақсы дәрежеге жеткізуді және айтылған кемшіліктерді алда жоспарлауда орындауды ұсынды.

Пікір білдірді тәрбиеші А.Керинбекова ұжымдық жұмыстар мен дәстүрден тыс әдістермен орындалған жұмыстар балалардың туған күн кешінде және аналар мерекесінде сыйлық ретінде беріліп кеткенін айтып өтті. Бірақ ол жұмыстар жоспарға енгізілмей қалғанын айтты.

Тәрбиешілер анықталған кемшіліктердің дұрыс екенін айтып, алдағы уақытта орындауға уәде берді.

Менгеруші А.Баисбаева топтағы бейнелеу өнері оқу іс әрекеттеріндегі балалар жұмыстары қанағаттанарлық дәрежеде орындалған деп бағалауды ұсынды.

Тыңдалды: Балабақшада өткізілген ашық қызметтерді талдау бойынша балабақша әдіскері Н.Аманова пікір білдірді.

Тәрбиеші М.Жаманшаеваның «Туған өлке» ортаңғы топта өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне тоқталып өтті.

Оқу қызмет балалардың жасына, бағдарлама талаптарына сай жобаланған.

Сабақтың мақсаты: Балалардың бойында туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Басқа ұлт өкілдерін сыйлауға үйрету. Ауыл туралы, ауыл тұрғындарын сыйлау, үлкенге құрмет жасау, балалардың бойындағы адамгершілік қасиеттерін дамыту.

Ақыл-ой арқылы тілін дамыту, өз әрекетін тұжырымдап айта білуге үйрету.

Слайд арқылы ауыл көрінісін, табиғатын, ауыл байлығы -мақта, көкөністер мен жемістер, ондағы адамдардың еңбектері көрсетілді.

Керекті құралдар талапқа сай дайындалып, алдын ала тарқатылған.

Оқу қызметте білім саласын сабақтастырылған, суреттер арқылы тапсырмалар орындау жобаланған. Тек тәрбиешінің шеберлігі аз.

Оқу қызметі «Жақсы» деп бағалауды ұсынды.

II кіші «Балбөбек» тобында Д.Абдуллаеваның «Логикалық ойлау қабілетін дамыту» карапайым математикалық ұғымдарды қалыптастырудан өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне тоқталып өтетін болсақ, тәрбиеші балаларды ұжымдық жұмысқа шақырды. Үлестірмелі материалдар арқылы әртүрлі тапсырмаларды орындатып, «Кім шапшаң?» логикалық есеп берді, мысалыға «Мысықтың неше көзі бар? Неше мұрны бар?» және үлестірмелі материалдар арқылы «Аз, көп ұғымы», «Уақытты бағдарлау» ойынында танертең, күндіз, кеш, түн уақытында біз не істейміз деп жаттығулар ақылы жасатты. Сабақты жақсы ұйымдастырған. Балаларға қызықты болды. «Өте жақсы» деп бағаланды.

Ортаңғы «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі П.Бердалиеваның «Менің жанұям» атты өткізілген ашық ұйымдастырылған оқу қызметін талқылайтын болсақ, Отбасылық сурет арқылы әр баламен өзінің жанұсы жайлы әңгімелесу, «Шалқан» ертегісін еске түсіру арқылы тату отбасы жайлы түсініктерін қалыптастырды. «Өз үйіңді тап» ойыны арқылы балалардың ойлау қабілеттерін, шапшаң ойлау арқылы тапсырмаларды орындатты. «Бір үйде біз нешеуіміз?» атты сергіту жаттығуы арқылы қорытындылады. Тілге арналған жаттығулар жасатты. Және де ұнаған жері балалар бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметті өздері күн және бұлт арқылы бағалады.

Жалпы жақсы ұйымдастырылған, бірақ балалар түгел қатыспады, тек бес бала ғана белсене қатысты.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жаңашыл әрекеттер ендіре отырып жүргізу» баяндамасын басшылыққа алып, оқу қызметте ендірілсін.
3. «Сиқырлы қыс» ортаңғы топ тәрбиеленушілер көрмесі қаңтар айының 15 ші жұлдызы сағ 10:30 да өткізу жоспарлансын.
4. «Балалардың бейнелеу өнерінен жұмыстарын зерттеу» тақырыпты тексеру қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер орындалсын.
Мерзімі: 28 ақпанға дейін.
5. Тәрбиеші Д.Абдуллаеваның «Логикалық ойлау қабілетін дамыту» оқу қызметі «өте жақсы» деп бағалансын және оқу қызметтерде қолданылсын.

Кенес төрайымы:

А.Баисбаева

Хатшысы:

Н.Аманова



№4 педагогикалық кеңестің хаттамасы

18.03.2019 ж

Қатысқандар саны–10

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Өнерлінің өрісі кең»

- 1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Баяндама:« Балаларды атакты қазақ және басқа суретшілердің көшірмесімен таныстыра отырып байланыстырып сөйлеуге үйрету»
- 3.Мастер класс: «Пластининграфия»
4. «Табиғат біздің анамыз» атты жылжымалы папкалар мен альбомдар көрмесі.
- 5.Ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Н.Аманова өткен кеңестің қаулылырының орындалуы туралы есеп берді. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет оқу қызметінде тиімді әдістер мнемотехника оқу қызметтері жобаланып жатқанын, сонымен бірге «Сурет арқылы мақал жаттау, сурет арқылы жаңылтпаш жаттау» оқу іс қызметтерімен бірге күннің II-жартысында жүргізіліп жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге топтардағы балалар жаттаған такпақ, мақалдарды ұмытпай 80% бала қайта айтып бере алатынын айтты. Сонымен бірге тәрбиешілер жинақтаған мнемотехника әдістеріне арналған топтамалардың барлық тәрбиешілерге таркатылып, оқу-тәрбие шараларында қолданылып жатқанына тоқталып өтті.

Сонымен бірге«Балалардың бейнелеу өнерінен жұмыстарын зерттеу» тақырыпты тексеру қорытындысы бойынша аңқыталған кемшіліктер өз мерзімінде орындалғанын айтып өтті.

Тыңдалды: «Сикырлы қыс» көрмесі жайлы балабақша әдіскері Н.Аманова сөйледі. Балалар дәстүрден тыс тыс сурет салудың тиімді түрі ТРИЗ әдістемесі арқылы бастырма әдісімен көкөністерден әртүрлі пішіндер жасап, оларды бояуға батырып, түрлі бейнелер шығарған.Балауыз әдісімен қыстағы жауған қарды, аяз бейнесін бейнелеген.Таудағы ауыл көрінісі, гүлдер, орман жануарлары, қысқы көріністер, қар жамылған ағаштар, ағашқа қонақтаған құстар, орман іші, орман жолы, бұғылар, еліктер, өзен жағасын бейнелеген. Балалардың қыс көрмесін тамашалауға ата-аналарды шақырдық. Олар балаларының шығармашылығына дән риза болды.

Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі А.Керинбекова «Балаларды атақты қазақ және басқа суретшілердің көшірмесімен таныстыра отырып байланыстырып сөйлеуге үйрету» тақырыбында баяндамасы. Тәрбиеші баяндамасында балабақшада тіл дамыту жұмыстарының бір бөлігі- картина бойынша әңгіме құрау болса, картина бойынша әңгіме құру арқылы балалардың тілін дамытумен бірге эстетикалық тәрбие беріледі. Картинаны карау арқылы салынған суреттің бояуларына қарай отырып, балалардың суретші және қоршаған орта жайлы білім алатынын айтып өтті.

Сонымен бірге балабақша бағдарламаларында көп кездесетін Ю.А.Васнецовтың картиналары арқылы ауыз әдебиет үлгілері мен ертегілерді балаларға қайта айтқызу жолдарына тоқталып өтті.

Сонымен бірге тәрбиеші А.Кастеевтің топтарда пайдаланатын картиналарына тоқталып өтті, мысалы А.Кастеевтің «Егін жинау» картинасы арқылы үлкендердің еңбегімен таныстыра отырып, тіл дамыту жұмыстарының әдістеріне тоқталып өтті.

Пікір білдірді: балабақша меңгерушісі А.Баисбаева картина бойынша әңгіме құрау кең тараған әдіс, дегенмен балабақша тәрбие бағдарламасында әр жас топтарына арналған сурет топтамалары арқылы жұмыс істеу керектігін айтты. Сонымен бірге картина немесе ойыншық бойынша әңгіме құрауға барлық баланы қатыстыру, суретті кітаптар немесе ертегі картиналарды қолдана отырып толық сөйлем құрастыра білу, сюжет бойынша шағын әңгіме құрастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарына тоқталып өтті.

Пікір білдірді балабақша тәрбиешісі картина арқылы әңгіме құратуда тіл дамыту бөлімдерін толық қамту жолдарына тоқталып өтті, тілдің грамматикалық құрылымын қалыптастыруда картина мазмұнына қарай заттарды жекеше-көпше айтқызу, сөйлем құрап айтуда септік жалғауларды дұрыс орындату, дидактикалық ойындар пайдалану т.с.с әдістерді пайдалану жолдарымен таныстырып өтті

Тәрбиешілер айтылған ұсыныстарды оқу қызметтерде ескеретіндіктерін білдірді.

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Н.Аманова «Пластининграфия» бойынша шеберлік сынып өткізді. Тәрбиешілерге пластилинография туралы мағлұмат беріліп, орындау тәсілдерімен таныстырылды. Тәрбиешілермен өз ара пікір алысты. Оқу қызметтерге ендіру туралы тапсырма берілді.

Тәрбиешілер келісім берді

Тыңдалды: «Табиғат біздің анамыз» атты жылжымалы папкалар мен альбомдар көрмесі.

Сөйледі: Балабақша меңгерушісі А.Баисбаева көрме жайлы айта келіп, «Балбөбек» II кіші топ тәрбиешілер Д.Абдуллаева, М.Жаманшасва

жұмыстарына ұсыныс айтты. . Таулы орман көрінісіне құстар, орман жануарлары жетіспейтінін айтып ұсыныс берді.

Ұсыныс: Суреттер санын толықтыру.

«Қарлығаш» ортаңғы топ тәрбиешілері П.Бердалиева, Г.Калдарова.

Таудан аққан су, гүлдер, тау бөктеріндегі шыршалар, табиғат көріністері орман іші көріністері.

Ұсыныс: толықтыру.

«Ботақан» ерте жас тәрбиешісі С.Шамшиева.

Су асты тіршілігі, балықтар, су жәндіктері, әдемілігі, су асты өсімдіктері

«Қарлығаш» ортаңғы топ тәрбиешісі П.Бердалиева.

Ағаш түрлері, әдемі сұлу, қатар түзеген жалғыз көлеңкесі үлкен, күзгі ағаштар жапырақсыз, ұсқынсыз ағаштар, көктемгі гүлдеген мәуелі ағаштар, үстіне көп құстар қонақтап ұя салған ағаштар. «Қарлығаш» ортаңғы топ тәрбиешісі Г.Калдарова. құстар, көгершіндер, аққулар, түрлі-түсті тоты құстар, қаздар, үй құстары, балапандар, қарлығаш, үкі, бақыт құсы, көкек, түйеқұс, қараторғарғай. Таудағы ауыл көрінісі, гүлдер, орман жануарлары, қысқы көріністер, қар жамылған ағаштар, ағашқа қонақтаған құстар, орман іші, орман жолы, бұғылар, еліктер, өзен жағасы.

Ұсыныстар: Барлық топта әдемі сұлу табиғат пен жануарларды және соларды жойып, қиратқан, ластаған және орман қорғаушысы қызметкерлері, брооңьерлер, жасыл-галстук таққан табиғат қорғаушылар жөнінде суреттермен толықтыру.

Тыңдалды : Ұйымдастырылған оқу қызметін талдау бойынша балабақша әдіскері Н.Аманова орыс тілі мұғалімі Д.Артыкованың «Путешествие в зимний лес» II-кіші топта өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне тоқталып өтті. Оқу қызмет балалардың жасына ,бағдарлама талаптарына сай жобаланған. Керекті құралдар талапқа сай дайындалып, алдын ала тарқатылған. Оқу қызметте білім саласын сабақтастырылған, ертегі желісі арқылы тапсырмалар орындау, сурет салу, түстерді ажырату тапсырмалары тиімді жобаланған.Оқу қызметті «Жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Қаулы

- 1.Өткен кеңес қаулылырын орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Балалардың өздеріне таныс әдеби шығармалардан және ертегілерден үзінділерді драмалауға қатысуы» тақырыпты тексерудің қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер түзетілісін. Мерзімі: наурыз-мамыр айлары аралығында.
- 3.«Балаларды атақты қазақ және басқа суретшілердің көшірмесімен таныстыра отырып байланыстырып сөйлеуге үйрету» баяндамасындағы мәселелер оқу қызметте басшылыққа алынсын.
- 4.Балаларды шығармашылыққа баулуда пластилинография әдісі бойынша оқу

кызметтер жобалансын.

5.Орыс тілі мұғалімі Д.Артықованың «Путешествие в зимний лес» оқу қызметі «жақсы» деп бағаланды.

Кеңес төрайымы

Хатшысы:



А.Баисбаева

Н.Аманова

№5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

06.05.2019 ж

Қатысқандар саны–10

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «2018-2019 оқу жылын қорытындылау»

- 1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы.
- 2.Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есебі.
- 3..Қорытынды мониторинг.
- 4.Жазғы сауықтыру, шынықтыру іс-шаралар жоспарын, күн тәртібін, жазғы оқу қызметі кестесін бекіту.
5. «Бір жылда мен не үйрендім?» Балалардың ұжымдық жұмыстарының көрмесі.
6. Ұйымдастырылған оқу қызметін талқылау.

Т ы н д а л д ы : Балабақша меңгерушісі А.Баисбаева өткен кеңестің қаулыларының орындалуы айтып өтті. Балабақшада балалармен жұмыста Ә.Қастеев, Ю.Васнецов суретті картиналары бойынша жұмыстар жүргізілгенін, керекті құралдар біршама толықтырылғанына тоқталып өтті. Сонымен бірге меңгеруші оқу жылында тәрбиешілердің жасаған жақсы жұмыстарына тоқталып өтті.

Оқу жылында балалар оқу қызметке жақсы қатыса алатын болды, балалар білімдері жақсарғанын айтып өтті. Тәрбиешілерге ата-аналармен бірлесе жұмыстарды жалғастыра беруді ұсынды.

Тәрбиешілер келісім берді.

Т ы н д а л д ы : Тәрбиешілердің шығармашылық есебі .

Тәрбиеші П.Бердалиева, О.Қамбарбекова «ТРИЗ әдісі арқылы балаларды шығармашылық шеберлікке баулу» шығармашылық тақырыбы бойынша орындаған жұмыстарына тоқталып өтті. Қалыпсыз тәсілдерді қолдану арқылы баланың тілін дамыту, шығармашылық қиялын дамытуға қол жеткізгенін, Триз ойындарын көбіне серуен кезінде пайдалану арқылы балалар заттың қасиетімен таныстырып, оны зерттейді, өмірде қисынды жол табуға үйреткені туралы айтып өтті.

Тәрбиеші М.Жаманшаева, Д.Абдуллаева «Дамыту ойындары арқылы балалардың математикалық ұғымдарын қалыптастыру» тақырыбында II кіші топта пайдаланған ойындарын оқу қызметке кіріктіргенін айтып өтті.

Т ы н д а л д ы : Қорытынды мониторинг бойынша балабақша әдіскері Н.Аманова сөйледі. Қорытынды бақылау II жартыжылдық соңында өткізіледі, ол Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті

стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді. Әр диагностика нәтижелерін педагог Бақылау парағында білім беру саласы бойынша толтырады. Содан соң топ бойынша Жиынтық есеп жасалады, ол білім беру ұйымы бойынша Жиынтық есеп жасау үшін әдіскерге беріледі. Диагностика нәтижелері бойынша педагог баланың үлесін есептейді. Биылғы қорытынды бақылауда төмен балалардың үлесі 3%, орташа деңгейдегі балалардың үлесі 32%, жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 65%-ды құрады.

Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар толтырады.

Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процесстің міндеттері мен мазмұнын айқындайды.

Мониторинг нәтижелері келесі білім беру міндеттерін шешу үшін ғана қолданыла алады: балалар тобымен жұмысты белсендендіру.

Тыңдалды: А.Баисбаева балалармен жазғы оқу тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жазғы маусымға арналған күн тәртібі мен кестеге ауысып, негізгі міндеттерімізді жауапкершілікпен атқаруға шақырамыз. Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту жұмыстарын қолға алайық, тиімді, қауіпсіз нығайлы болуына көңіл бөліп, әрқашан есте сақтайық.

- Ауа және күн ванналар қабылдау.
- Жалаң аяқ құм үстінде жүру
- Қимылды ойындар
- Мерекелер
- Туылған күндер
- Ертегілер қойылымы
- Еңбекке баулу
- Спорттық жарыстар ұйымдастыру жоспарлануда. Жазғы маусымға арналған іс-шаралар әр алуан, қызықты ұйымдасқан түрде өтуін қадағалаймын және жоспарларын бекітіп, өткен соң әдістемелік кабинетке суреттерімен жинақтауды әдіскер Н.Амановаға тапсырамын.

Меңгеруші А.Баисбаева жазғы сауықтыру кезеңіндегі алынған міндеттермен таныстырды. Педагогтар мен мейірбикеге өз қызметтерін жауапкершілікпен атқаруды міндеттеді. Қызметкерлер келісім берді.

Тыңдалды: Балалардың «Бір жылда мен не үйрендім?» ұжымдық көрмесі жайлы әдіскер Н.Аманова сөйледі. Ортаңғы топ тәрбиеленушілерінің тастанды заттардан жасалған ертегі кейіпкелерінің көрмесі көздің жауын алады. Балалар қораптардан, дисктерден, шырша бүршіктерінен және баклашка қақпақтарынан, мата, былғарыдан түрлі ертегілер әлемінен көрініс құрастырған. Тәрбиешілер

балаларды шығармашылыққа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктері бағалап көрсету, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамытуға тырысты.

Сөйледі: Балабақша әдіскері: Н.Аманова ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерді талдады.

1. II топ тәрбиешісі П.Бердалиева «Түрлі-түсті гүлдер» көршаған ортамен танысудан өткен оқу қызметінде тәрбиеші балалардың назарын өзіне шоғырландыра алады, балаларды ұжымдық жұмысқа жұмылдырып, әр түрлі түсті гүлдерді паролонмен бояу арқылы қиялдарын еркін бейнеледі. «Түстерді тап» дидактикалық ойыны, тақпақ айту жобаланған. Балалар түгел қамтылды, қорытындылау кезінде қойылатын сұрақтарды нақты дайындаған.

2. I-кіші топ тәрбиешісі А.Керимбекова «Сүйікті ертегім» оқу қызметінде білім саласы сабақтастырылған, керекті құралдар талапқа сай дайындалған, сахналау әдісі, топтастыру жобаланған. Балалар жұмысын толық аяқтап шықты.

Меңгеруші А.Баисбаева тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерінің жақсы қалыптасып келе жатқанын айтып, оқу іс әрекеттерін «жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы-талапқа сай
2. «Қарлығаш» ортаңғы топта өткен жан-жақты тексеру қорытындысы-қанағаттанарлық. Анықталған кемшіліктер бойынша – 01.08.2018 ж дейін түзету жұмыстары орындалсын.
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары бойынша атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекітілсін.
5. Тәрбиешілердің ашық оқу қызметтерінің ұйымдастырылуы мен өтілуі «жақсы» деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



А.Баисбаева

Н.Аманова



Бекітемін;
2019 жылдың «*...*» тамыз
айында №1 педагогикалық
кеңесте бекітілген
б/б меңгерушісі:
А.Баисбаева

**"Асыл Әшім" бөбекжай балабақшасы
ЖШС 2019-2020 оқу жылының
педагогикалық кеңестің хаттамалары**

Педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы

29.08.2019 ж

қатысқандар-

Күн тәртібінде :

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды қорытындылау іс-шаралар есебі.
2. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметін бекіту. Өтпелі тақырыптарды, вариативті компоненттерді бекіту.
3. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын енгізу.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту
5. «Балалар жаракатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» .

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Баисбаева тәрбиешілердің жазғы маусымда сауықтыру шаралары, мерекелік іс-шараларына есеп беріп өтті.

Сөйлегендер- Н.Аманова: Жазғы маусым сауықтыру, шынықтыру шараларына көп мүмкіндіктер беретін кез, ауа, күн, су ванналарын қабылдап, еркін ойнап, таза ауада түрлі сайыстар өттік. Балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеп, жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеп, шынықтыру мақсатында түрлі ойындар «Арқан тартыс», «Көңілді доптар» , «Құрсаудан құрсауға секіру» ойындары т.б. ойындар ұйымдастырылды.

Тәрбиеші Б.Патсаханова: Кішкентай бүлдіршіндермен жаз қызығы туралы әңгімелесіп, түсініктерін молайтып, әсем табиғатты сезініп, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауда сайқымазақтармен бірге «Ұшты-ұшты» ойынын ойнап қуану, шаттанумен бірге іс-қимылдарын да дамыту қарастырылды. Балалардың қол қимылдарын дамыта отырып, құмның қасиеттерімен таныстырып, ойлау мен танымын жетілдіруде құммен, сумен ойындарда қалашықтар салып қуанышка бөленді.

Тәрбиеші:- Д.Абдуллаева: Балалардың жолда жүру ережелері туралы түсініктерін жалғастыра отырып, зейінін, ойлау қабілеттерін, байқағыштық, жанашырлыққа тәрбиелеуде «Абайла балақай» атты іс-шараларымен бірге сумен зерттеу ойындарын өттік.

Сонымен бірге басқа тәрбиешілер де сауықтыру шараларын ауа ваннасын күнделікті кіші топтардан бастап су құю шарасын су температурасын 36 С-тен

28 С-ке шейін төмендете, сулы шүберекпен сүртіну, жалаң аяқ құмда жүру, таза ауада серуендеу мен ойындар ұйымдастырылғаны жөнінде есеп беріп өтті.

Балабақша меңгерушісі: А. Баисбаева Жаңа оқу жылының басталуымен педагогтарды құттықтай отырып, ҚР «Білім туралы Заңын», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мемлекеттік стандарт ережелерін негізге ала отырып оқу тәрбие жұмысын жүргіземіз, - деді. Әрбір педагог балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, осы мақсаттарға жетуде еңбек етеміз және бекітілген күн тәртібін сақтап, кесте бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері өткізіледі, - деп сөзін аяқтады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 557 бұйрығына сәйкес оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2019-2020 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту мәселесіне тоқталды.

«Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, әр топқа арналған күн тәртібін және сабақ кестесін түздік. Белгіленген күн тәртібін сақтап, жұмыс жүргізесіздер, ұйымдастырылған оқу қызметінің жүктемесі ұзақтығы сақталуы тиіс. Ата – аналарды, балаларды күн тәртібі бойынша жүруге үйретейік.

Балалардың сабаққа, ойынға ықыласын арттыруда көрнекіліктер, ойыншықтардың атқарар рөлі зор. Ұйымдастырғанда көңіл бөліп, жауапкершілікпен қарауларыңызды талап етемін» деді.

Балабақша ұжымы үнемі балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуды, қауіпсіз болуын естен шығармаған. Педагогтарды балабақшаның тәрбиеленушілерінің білім-біліктілік деңгейі мониторинг нәтижесіне қарай таңдап алынған алдағы жаңа оқу жылына белгіленген мақсат-міндеттерімен таныстырып өтті. Сонымен биылғы жылдың мақсаты:

«Денсаулық» білім саласы

1. Денсаулық сақтау технологияларын ендіру арқылы, балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту.
2. Түрлі шынықтыру және сауықтыру шаралары арқылы дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, қауіпсіз мінез-құлықтарының қалыптасуына ықпал ету.
3. Әуенге сәйкес музыкалық-ырғақты қозғалыстар және жаттығуларды дұрыс орындауға үйрету.
4. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.

«Шығармашылық» білім саласы

1. Балалардың әдеттен тыс әдістерді қолдану арқылы шығармашылығын дамыту, сұлулыққа, тазалыққа тәрбиелеу.
2. Мектепке дейінгі балаларды әсемдікке тәрбиелеу арқылы жан – жақты және үйлесімді дамыту.

«Әлеумет» білім саласы

1.Әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын игеруді, қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, өзінің отбасы мен құрбыларына жақындық сезімін, оларға құрметпен қарауды қалыптастыру. Тәртіп ережелерін, күн тәртібіне дағдыландыруға үйрету.

Сонымен бірге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес ортаңғы топта вариативтік компонент енгізілген. Балалрдың жас ерекшелігіне, қызығушылығына қарай вариативтік компонент белгіленді. Ортаңғы «Балбөбек» тобы сәрсенбі күні 1 сағат- Драма, Ересек «Қарлығаш» тобы сейсенбі 1 сағат- Шебер колдар, жұма 1 сағат- Бәрін білгім келеді. Белгіленген үлгілік оқу жоспары, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, өтпелі тақырыптары мен вариативтік компонент бойынша оқу-тәрбие үдерісі күнделікті тиынақты жүргізілуін тапсырды. 1 маусымнан 31 тамызға дейін сауықтыру кезені, жаз айларында білім беру үдерісін қайталау тапсырылды.

Тыңдалды : Үшінші мәселе бойынша әдіскер Н.Аманова сөзге шықты. Ол өз сөзінде : Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде жұмыс жасаймыз. Оқу нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптармен таныстырып өтті. Үлгілік бағдарламаның мазмұны жайлы айтып өтті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген.

«Денсаулық» білім беру саласындағы ұйымдастырылған оқу қызметі:

- 1) Дене шынықтыруды
- 2) қауіпсіздік мінез-құлықтарын қамтиды.

«Қатынас» білім беру саласы:

- 1) сөйлеуді дамытуды
- 2) көркем әдебиетті
- 3) сауат ашу негіздерін
- 4) қазақ тілін (орыс тілін оқитын топтарда), орыс тілін (қазақ тілін оқитын топтарда) және шет тілдерінің бірін
- 5) драманы
- 6) әліппені қамтиды. (2020 жылдың 1 қыркүйегінен)

«Таным» білім беру саласы:

- 1) сенсориканы (1 жастан 3 жасқа дейінгі бөбек жасы топтарында), математика негіздерін
- 2) құрастыруды

3) жаратылыстануды қамтиды.

«Шығармашылық» білім беру саласы:

1) сурет салуды

2) мүсіндеуді

3) жапсыруды

4) музыканы қамтиды.

«Әлеумет» білім беру саласы:

1) өзін-өзі тануды

2) қоршаған ортамен таныстыруды

3) экология негіздерін қамтиды.

Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптармен таныстырды.

Оқыту мерзіміне қойылатын талаптармен таныстырды.

Жас кезеңдері мен жас топтары мынадай:

1)ерте жас-1жас

2) кіші топ-2 жас

3) ортаңғы топ-3 жас

4)ересек топ-4 жас

5) мектеп алды даярлық топ-5 жас

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі А.Баисбаева сөйледі: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту жөнінде түсіндірілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту тақырыбындағы кеңесте үлгілік оқу бағдарламасында көрсетілгендей баланың өмірін қорғауды, денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін дамытушы заттық-көністік құру, дене дамуына жағдайлар туындату, ықпал ету, жас ерекшелігіне сай денсаулық технологияларын пайдалану туралы айтып өтті.

Балабақша меңгерушісі:А.Баисбаева тәрбиешілер арасында денсаулық саласының мазмұны мен міндеттері жөнінде сұрақ-жауап ретінде сайыс ұйымдастырды.Әдістемелік нұсқаулықта көрсетілгендей, білім беру процесін жоспарлауда, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, командада жұмыс істей білу, денсаулық саласының сапалы өтуі жөнінде сұрақ-жауаптарға тәрбиешілер жауап берді.

Тыңдалды: Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Н.Аманова сөйледі. «Балалар жаракатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» .

Балалар жаракаты жылдан-жылға кемудің орнына керісінше өсуде, сондықтан ол көптеген жылдар бойы өзекті мәселе болып отыр. Балалар жаракаты олардың жас ерекшеліктеріне: өмірлік тәжірибесінің болмауына, өзін-өзі бақылаудың жетіспеушілігіне, көп қимыл-қозғалыс жасауына және білуге құмарлығына байланысты.

Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың зақымдануының негізгі себептері ересектер тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ жарақаттанудың алдын алу бойынша жұмыстың толықтай жүйелі түрде жүргізілмеуі.

Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балалар жарақатының алдын алу мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің өзекті мәселесі болып табылады.

Балалар жарақатының алдын алу мәселелері мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында қарастырылған. Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтарына балалар жарақатының алдын-алуды ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету.

«Балалар жарақаты негізгі түрлері», «Балалар жарақатының алдын алу шаралары» жайлы айтып өтті. Балалардың түрлі жас топтары арасында ұқсас жағдайларда қайталанатын дененің зақымдануын балалар жарақаты деп аталады. Себептері мен пайда болу жағдайларына байланысты зақымдануларды балалар жарақаттарының мынадай түрлеріне бөлуге болады:

- тұрмыстық;
- көше;
- көлік;
- спорттық;
- су.

Балалар жарақатының алдын-алуда педагогтар, ата-аналар, білім беру ұйымдарының қызметкерлері, санитариялық –эпидемиологиялық бекеттер, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық, әкімшілік, жол полициясы қызметкерлері үлкен рөл атқарады. Осы мақсатта әрбір мектепке дейінгі ұйымда балалар жарақатының алдын-алу бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалады және бекітіледі, онда мектеп жасына дейінгі балаларды жолда жүру ережелеріне үйрету бойынша педагогтармен ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс, балалармен, ата-аналармен жұмыс, заттық-дамытушы ортаны құру бойынша жұмыс, әлеуметтік серіктестермен өзара әрекет қарастырылады. Мазмұнында балабақшадан тыс жердегі экскурсия мен серуендер кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық қарастырылуы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымда балалар жарақатының алдын - алу бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарына қаланың (ауданның) жол полициясы бөлімі қызметкерлерімен бірлескен іс-шаралар енгізілуі тиіс. Балалар жарақатының алдын-алу бойынша мәселелер жиі педагогикалық кеңестерде және меңгеруші жанындағы әкімшілік кеңестерде қарастырылуы қажет.

Шешім :

1. Балабақшаның бекітілген жылдық жоспары, күн тәртібі мен ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бойынша оқу-тәрбие жұмысының жүйелі жүргізілуіне бақылау жасау әдіскер Н.Аманова жүктелсін.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы бойынша жұмыс жүргізілсін.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес жүргізілсін. Тәрбиешілер денсаулық білім беру саласының мазмұны мен міндеттерін меңгеруде ізденіп, жұмыс жүргізілсін.
4. Балабақшада балалар жарақатынының алдын-алу бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалсын және бекітілсін, онда мектеп жасына дейінгі балаларды жолда жүру ережелеріне үйрету бойынша педагогтармен ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыс жүргізілсін. Балалармен, ата-аналармен жұмыс жүргізілсін. Балабақшадан тыс жердегі экскурсия мен серуендер кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулық жүргізілсін.

Төрайым
Хатша



А. Баисбаева

Аманова

Педагогикалық кеңестің № 2 хаттамасы

28.10.2019ж

қатысқандар-12

Күн тәртібінде :

1. Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Балаларды өмір қауіпсіздік пен жолда жүру ережелерімен таныстыру.» (Тақырыптық бақылау).
3. Бастапқы мониторинг қорытындысының нәтижелері.
4. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерді талқылау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде:

Сөйледі: Н.Аманова – балабақша әдіскері : Балабақшада бекітілген күн тәртібі, сабақ кестесі бойынша күнделікті жұмыс жүруде. Балаларға балабақшада ең бірінші қауіпсіз, санитарлық-гигиеналық жағдай жасалып, апталық жүктеме саны, ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы сақталып, балаларға физикалық, психологиялық ауырлық түспеу сәйкестігі сақталу керек. Балалар ойнап жүріп өзіне қажетті түсінік, ұғым, білім мен дағдылар алуы керек. Барлығын ойын түрінде, жеңіл қабылдайтындай етіп отудеміз.

Өткен кеңесте педагогтармен «Балалар жаракатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» жөнінде таныстырдық. Балабақшада балалардың зақымдануының негізгі себептері ересектер тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі, сондай-ақ жаракаттанудың алдын алу бойынша жұмыстың толықтай жүйелі түрде жүргізілмеуі. Тәрбиешілерге және тәрбиеші көмекшілеріне, медбикеге балалар жаракатының алдын-алуды ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсетілді. Осы мақсатта балабақшада балалар жаракатының алдын-алу бойынша жылдық жұмыс жоспары жасалды және бекітілді, онда мектеп жасына дейінгі балаларды жолда жүру ережелеріне үйрету бойынша тәрбиеленушілер мен ата-аналармен ашық есік күні өтілді. Балабақшадан тыс жердегі экскурсия мен серуендер кезінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтар өтілді. Балалар жаракатының алдын - алу бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында балабақша жылдық жоспарына ауданның жол полициясы бөлімі қызметкерлерімен бірлескен іс-шаралар енгізіліп, жоспарланды.

Тыңдалды: «Балаларды өмір қауіпсіздік пен жолда жүру ережелерімен таныстыру.» (Тақырыптық бақылау). Балабақша әдіскері Н.Аманова :

Көшедегі қауіпсіздік ережелерін балалардың бойында қалыптастыруда оқытудың заманауи көрнекіліктері мен техникалық құралдар ерекше рөл

атқарады. Олардың көмегімен педагог инновациялық бағыттарды іске асырады және қойылған міндеттерді шешеді. Балаларға жолда жүру ережесін үйретуді ұйымдастыру бойынша тәрбиешілерге көмек көрсетуде әдістемелік кабинетте жолда жүру ережелері бойынша бұрыш жасалды. Балаларға жолда жүру ережелерімен таныстыру мақсатында ашық есік күні өтілді. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметінде сурет бойынша сипаттап, әңгімелер құрастыру арқылы, мультфильмдер көрсетілді.

Ересек «Қарлығаш» тобындағы балалармен қызықты ойындар, логикалық есептер, жұмбақтар түрінде интеллектуалдық-ойындық әрекеттер өтілді. Балаларға өзінің тұратын төңіректегі көлік құралдарының түрлерін ажырату, үйден балабақшаға, дүкенге, емханаға дейін немен баруға болатынын, ата-аналары қандай көлікті пайдаланатынын түсіндірді. Балаларды қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстырды: ақырын сөйлеу, тәртіп, тазалық сақтау, көлікте ересектерге, сәбилерге және мүгедектерге орын беру. Балалардың назарын есікке сүйенуге, есікті ұстауға (ашылып кетіп, саусақтарын, қолын қысып атуы мүмкін) болмайтындығына; автобус кенеттен тоқтауы мүмкін, сондықтан қозғалыс кезінде тұтқадан ұстау керектігін түсіндірді.

Ересек «Қарлығаш» тобында мақсатты серуен ұйымдастырылып балаларға жолдан өту тәртібімен таныстырды. Онда балалар бағдаршамның қызметін, жаяу жүргіншілер мен көліктің өзара әрекетін бақылады, жолдағы арнайы таңбалармен және жол белгілерімен танысты, тәрбиеші бір уақытта балалардың назарын жаяу өтпе жолға және оны белгілейтін белгіге аударды.

Балаларға викториналық сұрақтар қойылды.

- «Неге балаларға көшеге ересектерсіз шығуға болмайды?»
- «Неге тротуарда ойнауға болмайды?»
- «Жолдан өту кезінде қандай ережелерді сақтау керек?»
- «Жол полициясы инспекторларының жұмысы туралы не білесіңдер?»
- «Жол белгілері кімге арналған?»
- «Қоғамдық көлікте өзінді қалай ұстау керексін?» және т.б.

Ұйымдастырылған ашық есік күнінен кейін ата-аналармен сұхбаттар жүргізілді. Балалардың еліктегіш келетінін ересектердің ұмытпағаны жөн. Егер бала ересектердің жол ережесін бұзғанын көрсе, жалпы қабылданған ұсынымдарға немқұрайлы қараса, онда баладан бірденені талап ету жөнсіз, өйткені бала алдымен ересектерден үлгі алады. Үйден балабақшаға барар жолда ата-ана жол тәртібін бұзбай, балаға үлгі болу керек. Баласына көшеде жүру тәртібіне тәрбиелеу керек. Әр топта жол ережесі жайлы жылжымалы папка жасалған, стэндер ілінген.

Кіші «Бүлдіршін» тобындағы балалар аулада, көшеде көрген заттарын таниды және атай алады: үй, машина, доп және т.б. Бұл жаста балаларды заттарды айыра білуге, қызыл, жасыл, сарыны бөліп, көлемі мен түсі бойынша

атай білуге үйретуді жалғастыру қажет. Тәрбиеші түспен ғана таныстырып қоймай, сондай-ақ түстер ережесіне сәйкес жұмыс істеу керек («Поезд» қимылды ойынын өткізді.

- көшеде жалғыз жүруге болмайды, ата-аналармен немесе басқа ересектермен ғана жүруге болады;

- ересек адамның қолынан ұстап қана жолдан өтуге болатынын ұғындырды.

«Балапан» ортаңғы тобында балаларды жолдың жүргінші бөлігін, тротуарды, жол жиегін айыруға, бағдаршамның жасыл мен қызыл белгілерінің мәнін түсінуге үйретті. Балаларды нақты ережелермен өз қимылдарын келісе отырып, кеністікте бағдарлай білуге үйретеді (қызыл түске – тоқта, жасыл түске - жүр). Тротуар шетінде тоқтауға және жолға шықпауға үйрету. Көлік түрлерін айыра білуді үйретті.

Тыңдалды : балабақша меңгерушісі А.Баисбаева бастапқы мониторинг қортындысымен таныстырып өтті. Педагогикалық диагностика –бұл баланың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру жағдайы деңгейін зерделеуге және білім беру процесін болжауға бағытталған педагогтың қызметі. Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интеллектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге бастапқы мониторинг өткен оқу жылындағы қортынды мониторинг негізінде жасалынатынын айтып өтті. Балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші І- төмен деңгейде 12 %, ІІ- орташа деңгейде 50 %, ІІІ- жоғары деңгейде 38 % болғанын айтып, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісім берді.

Тыңдалды : Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

Сөйлегендер : балабақша әдіскері Н.Амаонва:

Кіші «Балдырған» топ тәрбиешісі С.Шамшиева «Түстер әлемі» атты сурет салудан ұйымдастырылған оқу қызметін өтті.Топ таза, жарық, дамытушы орта құрылған, тәрбиешінің дайындығы жақсы. Көрнекіліктер үлкен әдемі етіп жасалған. Түстердің түрлерін көрнекіліктер арқылы, слайд арқылы көрсетіп, түсіндіріп берді. Балаларға ашық түсті бояуларға деген эмоциялы-эстетикалық қатынасын қалыптастыру мақсаттары қойылған. Балалар жалыққан жоқ, сергіту сәті де болды, жалпы іс – әрекеттер ауысып отырды.

Ата аналардың қатысуымен «Менің отбасым» атты ұйымдастырылған оқу қызметі «Балбөбек» ортаңғы тобында өткізілді. Тәрбиеші Б.Патсаханованың алдын ала жүргізген жұмыстары көңілге қонарлық. Әр баланың отбасымен түскен суреттерінен кішкене көрме жасап, әр бала өз отбасы мүшелерін атап,жақсы көңіл-күйде отырды.Ата-анамен саулнамалар жүргізіп, баласын

қаншалықты білетіні жайлы ойын да жүргізді. Балалар арасында ата-ана жайлы такпақ, әже жайлы ән шырқалды. Ата-аналар жақсы әсер алып қайтты.

Шешім :

1. Бастапқы мониторинг нәтижесі бойынша жұмыс жүргізілсін.
2. Балаларға жолда жүру ережесін үйретуге арналған бұрыштар көрнекіліктермен толықтырылсын, жұмыстардың сапасы мен жабдыкталуы қойылған талапқа сәйкес орындалу жауапкершілігі әдіскер Н.Амановаға жүктелсін.
3. Тәрбиеші Б.Патсаханованың сабағының әдіс - тәсілдері оқу – тәрбие үдесінде пайданылсын.

Төрайымы А.Баисбаева
Хатшы Н.Аманова



Педагогикалық кеңестің № 3 хаттамасы

20.12.2019 ж

катысқандар-12

Күн тәртібінде :

1. Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану.» (Баяндама.)
3. Вариативтік компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. (Салыстырмалы тексеру қорытындысы. Ересектер тобында.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерді талқылау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде:

Сөйледі: Н.Аманова– балабақша әдіскері : Балаларға жолда жүру ережесін үйретуге арналған бұрыштар көрнекіліктермен толықтырылды, жұмыстардың сапасы мен жабдықталуы қойылған талапқа сәйкес орындалды .

Тыңдалды : «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану.» тақырыбында кіші топ тәрбиешісі Керимбекова баяндамасын оқыды.

Баяндамада жазғы кезеңде балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелерін шешу үшін құммен ойындар мен жаттығулар эмоционалдық және психикалық ашуды басуға көмектеседі. Басты назар жаз кезіндегі балалардың іс-әрекеттерінде құмнан салынатын құрылыстарды ұйымдастыруға аударылады.Бұл жұмысты ұйымдастыру барысында балалардың шығармашылық, зерттеушілік, қиялдары мен эстетикалық талғамдары дамиды.Құммен ойнау үдерісі баланаң көңіл-күйіне жағымды әсер береді.

Тыңдалды : Балабақша меңгерушісі А.Баисбаева- «Вариативтік компоненттің жоспарлануы және өту сапасы.» атты салыстырмалы тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. «Қарлығаш» ересектер тобында 72 сағат берілген. Мұнда ойындар, сахналық қойылымдар, санамақтар, жұмбақтар, бақылау және серуендер және сурет салу мен аппликация жұмыстарын орындау арқылы балалардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру мақсаты алынған.

Ұсыныстар:Әр өсімдікпен таныстырғанда, сол өсімдікті бояу, дәстүрден тыс сурет салуға үйрету. Дала гүлдері, аула гүлдері, бөлме гүлдерін таныстыру.

Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

Сөйлегендер : балабақша әдіскері Н.Аманова

Ортаңғы «Балбөбек» топ тәрбиешісі Камбарбекова О «Табиғатты аяла» атты жаратылыстанудан ұйымдастырылған оқу қызметін өтті.Топ таза, жарық, дамытушы орта құрылған, тәрбиешінің дайындығы жақсы. Көрнекіліктер үлкен әдемі етіп жасалған. Табиғаттың құбылыстары жөнінде көрнекіліктер арқылы, слайд арқылы түсінік берді.Балаларға табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру мақсаттары қойылған. Балалар жалыққан жоқ, сергіту сәті де болды, жалпы іс – әрекеттер ауысып отырды.

Ересек «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі Г.Калдарова өткен ашық сабағына тоқталсақ, ол балалармен дене шынықтырудан «Гимнастикалық отырғыштың үстімен тепе-теңдікті сақтау» тақырыбында ұйымдастырды. Балалар өте көңілді қатысты. Көрнекілік құралдары бала санына сәйкес болды. Балалар берілген тапсырмаларды тыңдай білді және орындай алды. Негізгі қимыл жаттығуларына гимнастикалық отырғыштың үстімен тепе-теңдікті сақтауды алған. «Қара жорға» әніне жаттығу жасатты.«Басқұр» ойынына да балалар көңілді қатысты.

«Балдырған» кіші тобындағы жаратылыстанудан «Күннің шуақтары» ашық ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиеші Шамшиева С жақсы ұйымдастырған. Балаларды жылы түспен таныстыра отырып, түзусызықтар мен дөңгелек сызуды үйретті. Жылы және суық түстерді ажырата білуге үйретті.Тек көрнекілігі бала санына лайық емес, сабаққа дайындығы аз болды.

«Қарлығаш» ересектер тобында өткен «Сиқырлы пішіндер» атты ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиеші Г.Калдарова жақсы өткізді.Геометриялық пішіндерден үйлер құрастырып, әр пішінді тапсырмалар арқылы таныстырып өтті..Балалар көңілді отырды, зейін қойып тыңдап, берілген тапсырмаларды жақсы орындады.

Шешім :

1. Балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсете отырып, құммен ойындар жазғы маусымға жоспарлау .
2. Ересек топтарының тәрбиешілері берілген ұсыныстар, кемшілікті түзетілсін.

2. Ересек топтарының тәрбиешілері берілген ұсыныстар, кемшілікті түзетілсін.
3. Тәрбиеші О.Қамбарбекованың ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын, әдіс - тәсілдері мен материалдар оқу – тәрбие үдерісінде пайданылсын.

Төрайымы: Аманжол Байсбаева
Хатшы: Аманжол Аманова



«Асыл Әшім» бөбекжай балабақшасы

Бекі

Балабақша меңгерушісі

«20»



**«Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану»
(Баяндама)**

Орындаған: С.Шамшиева

2019-2020ж

«Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану»

Құммен ойын балалар мен ересектердің эмоционалдық хал-жағдайларына оң әсер етеді, бұл баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады.

Құмдағы ойындар-баланың табиғи әрекеті формаларының бір түрі. Сондықтан да біз, ересектер, құммен ойнайтын орындарды оқыту және дамыту сабақтарында қолдана аламыз. құмнан суреттер салып, әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде оған өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, көршілеріміздің заңдылықтары мен оқиғаларын жеткізе аламыз.

Құм терапиясы-Мақсаты: 1. Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастыру.
2. Танымдық және психикалық процестерді дамыту: түйсікті (форманы, түсті, тұтас түйсік) есті, зейінді, қиялды, кеңістік түсінікті, тактильді-кинестетикалық сезімділік пен қолдардың моторикаларын.
3. Ауызша және ауызша емес әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, тәжірибелік қарым-қатынастық біліктіліктер мен дағдыларды жетілдіру.
4. Қиялды, көрнекі-бейнелік ойлауды, сөздік-логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, балаларды белсенді іс-әрекетке және зейіннің шоғырлануына тәрбиелеу, эмпатияның пайда болуына ықпал ету.

Мәселелері:

1. Танымдық сезімдерін дамыту (зейін, жады, қиял, қабылдау)
2. Интеллектуалдық ортаны қалыптастыру-ойлай біл, көрнекі-шынайылық, көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық, шығармашылық ойлау.
3. Эмоционалдық және коммуникативтік ортаны (қарым-қатынастың табысты ағымына қажетті, ауызша және ауызша емес құралдарды қолдана отырып) дамыту.
4. Жек тұлғалық, ерікті, психофизиологиялық ортаны (тактильді-кинестетикалық сезімділік пен қолдардың ұсақ моторикасын) дамыту.

Әдіс-тәсілдері:

- пікірталастар;
- әңгімелесулер;
- коммуникативтік ойындар;
- экологиялық және тарихи ойындар;
- жобалық ойындар;
- түрлі-түсті құммен сурет салу;
- ертегі терапиясының элементтері;

музыка.

Құмдағы ойындардың негізгі принциптері

1. Шығармашылық белсенділік сақтала отырып, бала өзін ыңғайлы әрі қорғалған күйде сезінетін табиғи ынталандыратын орта жасау.

Бұл үшін біз баланың мүмкіншіліктеріне сәйкес келетін тапсырмаларды таңдаймыз; ертегі түріндегі ойындарға нұсқаулық құрамыз, оның қиялы мен шығармашылығын көтермелей отырып, оның нәтижесін, идеялары мен әрекетін жағымсыз бағалауға жол бермейміз.

2. Абстрактылы нышандар: әріптердің, сандардың «тірілуі» және осы принциптің жүзеге асырылуы боп жатқан оқиғаға баланың жек қызығушылығы мен іс-әрекетіне оң мотивацияны қалыптастыруға және күшейтуге мүмкіндік береді.

3. Ертегі ойындарының кейіпкерлерімен бірге әртүрлі жағдаяттарды ойнау, шынайы «бірге тұру».

Осы принциптің негізінде қиялдағыдан шынайылыққа және керісінше өзара ауысу жүзеге асырылады. Мысалы, Ханшайымның құтқарушысы ролінде болып, бала жағдайдан шығатын жолды ұсынады, сонымен бірге оны құмда шағын фигуралардың көмегімен шынайы ойнайды.

Сонымен, ол өзінің ісімен таңдаған жолының дұрыстығы не қателігіне көз жеткізеді.

Қажетті материалдар мен жабдықтар.

1. Су өткізбейтін ағаш қорап. Қораптың ішкі қабаты (түбі және қабырғалары) көк немесе көгілдір түске боялады. Осылайша, подностың түбі су, ал қабырғалары аспан нышанын білдіреді.

Егер балалармен шағын топшада (5-6 адам) құммен ойнайтын жердің көлемі ұлғаяды. Мұндай қораптың көлемі көзбен қабылдаудың оңтайлы алаңына сәйкес келеді және де бұл оны тұтас қамтуға мүмкіндік береді.

2. Таза, өзен құмы. Ол тым ұсақ болмауы керек. Құм қораптың түбіне ғана толтырылады.

Құмды ойындар үшін оның ылғалы болғаны дұрыс.

Осылайша құм «көкжиек сызығын» білдіреді.

3. Түрлі-түсті құм.

Мектепке дейінгі балалардың өздерінің психофизикалық дамуына қарай ашық түстерге эмоционалды әсерленгіштіктерін ескере отырып, жұмыс жұмыс барысында түрлі-түсті құм қолданылады.

4. Шағын фигуралар «коллекциясы» (биіктігі 8 смден аспайтын «Киндер-сюрприздан»). Ойыншықтар жиынтығына мыналар кіреді:

Адам кейіпкерлері;

Жануарлар (үй, жабайы, тарихқа дейінгі, теңіз және т.б.);

Көліктер (құрғақта жүретін, суда жүретін, ғарыштық және т.б.)

Өсімдіктер (ағаштар, гүлдер, көкөністер және т.б.);

Педагогикалық кеңестің № 3 хаттамасы

20.12.2019 ж

қатысқандар-12

Күн тәртібінде :

1. Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану.» (Баяндама.)
3. Вариативтік компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. (Салыстырмалы тексеру қорытындысы. Ересектер тобында.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерді талқылау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде:

Сөйледі: Н.Аманова– балабақша әдіскері : Балаларға жолда жүру ережесін үйретуге арналған бұрыштар көрнекіліктермен толықтырылды, жұмыстардың сапасы мен жабдықталуы қойылған талапқа сәйкес орындалды .

Тыңдалды : «Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану.» тақырыбында кіші топ тәрбиешісі Керимбекова баяндамасын оқыды.

Баяндамада жазғы кезеңде балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелерін шешу үшін құммен ойындар мен жаттығулар эмоционалдық және психикалық ашуды басуға көмектеседі. Басты назар жаз кезіндегі балалардың іс-әрекеттерінде құмнан салынатын құрылыстарды ұйымдастыруға аударылады.Бұл жұмысты ұйымдастыру барысында балалардың шығармашылық, зерттеушілік, қиялдары мен эстетикалық талғамдары дамиды.Құммен ойнау үдерісі балаң көңіл-күйіне жағымды әсер береді.

Тыңдалды : Балабақша меңгерушісі А.Баисбаева- «Вариативтік компоненттің жоспарлануы және өту сапасы.» атты салыстырмалы тексеру қорытындысымен таныстырып өтті. «Қарлығаш» ересектер тобында 72 сағат берілген. Мұнда ойындар, сахналық қойылымдар, санамақтар, жұмбақтар, бақылау және серуендер және сурет салу мен аппликация жұмыстарын орындау арқылы балалардың табиғатқа, қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру мақсаты алынған.

Ұсыныстар:Әр өсімдікпен таныстырғанда, сол өсімдікті бояу, дәстүрден тыс сурет салуға үйрету. Дала гүлдері, аула гүлдері, бөлме гүлдерін таныстыру.

Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

Сөйлегендер : балабақша әдіскері Н.Аманова

Ортаңғы «Балбөбек» топ тәрбиешісі Камбарбекова О «Табиғатты аяла» атты жаратылыстанудан ұйымдастырылған оқу қызметін өтті.Топ таза, жарық, дамытушы орта құрылған, тәрбиешінің дайындығы жақсы. Көрнекіліктер үлкен әдемі етіп жасалған. Табиғаттың құбылыстары жөнінде көрнекіліктер арқылы, слайд арқылы түсінік берді.Балаларға табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастыру мақсаттары қойылған. Балалар жалыққан жоқ, сергіту сәті де болды, жалпы іс – әрекеттер ауысып отырды.

Ересек «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі Г.Калдарова өткен ашық сабағына тоқталсақ, ол балалармен дене шынықтырудан «Гимнастикалық отырғыштың үстімен тепе-теңдікті сақтау» тақырыбында ұйымдастырды. Балалар өте көңілді қатысты. Көрнекілік құралдары бала санына сәйкес болды. Балалар берілген тапсырмаларды тындай білді және орындай алды. Негізгі қимыл жаттығуларына гимнастикалық отырғыштың үстімен тепе-теңдікті сақтауды алған. «Қара жорға» әніне жаттығу жасатты.«Басқұр» ойынына да балалар көңілді қатысты.

«Балдырған» кіші тобындағы жаратылыстанудан «Күннің шуақтары» ашық ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиеші Шамшиева С жақсы ұйымдастырған. Балаларды жылы түспен таныстыра отырып, тұзусызықтар мен дөңгелек сызуды үйретті. Жылы және суық түстерді ажырата білуге үйретті.Тек көрнекілігі бала санына лайық емес, сабаққа дайындығы аз болды.

«Қарлығаш» ересектер тобында өткен «Сикырлы пішіндер» атты ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиеші Г.Калдарова жақсы өткізді.Геометриялық пішіндерден үйлер құрастырып, әр пішінді тапсырмалар арқылы таныстырып өтті..Балалар көңілді отырды, зейін қойып тындап, берілген тапсырмаларды жақсы орындады.

Шешім :

1. Балаларға психологиялық-педагогикалық колдау көрсете отырып, құммен ойындар жазғы маусымға жоспарлау .
2. Ересек топтарының тәрбиешілері берілген ұсыныстар, кемшілікті түзетілсін.

2. Ересек топтарының тәрбиешілері берілген ұсыныстар, кемшілікті түзетілісін.
3. Тәрбиеші О.Қамбарбекованың ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын, әдіс - тәсілдері мен материалдар оқу – тәрбие үдерісінде пайданылсын.

Төрайым Байсбаева
Хатшы Аманова



Педагогикалық кеңестің № 4 хаттамасы

16.03.2020 ж

қатысқандар-12

Күн тәртібінде :

1. Өткен пед.кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.
2. «Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы.» (Баяндама.)
3. Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуы. (тақырыпты тексерудің қорытындысы)
4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерді талқылау.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде:

Сөйледі: Н.Аманова– балабақша әдіскері : Күннің жылынуының өзі балаларға үлкен қуаныш сыйлады. Таза ауада балалармен түрлі ойындар, серуен ұйымдастырып, серуен кезінде бақылау, еңбек, зерттеу ойындары, құмнан қалашық салып қызықты болды.Балалар құммен ойнағанда өздерін еркін ұстайды, шығармашылық белсенділік дамытады. Тәрбиешілер құмның таза болуын қадағалап отырды.

Тыңдалды : Балабақша меңгерушісі А.Баисбаева- Елбасымыз Н.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында «Мәңгілік ел-ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз.Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу шыққан, ұрпағы ертеңге сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді.Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ-мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы-Мәңгілік ел»,-деді.Сондықтан да біз бүгінгі ұрпағымызды ата-бабамыздан қалған бай мұрамыз , салт-дәстүрімізбен, мәдени құндылықтарымызбен таныстыруымыз керек.

Дана халқымызда «Ағаш түзу, әдемі болып өсуі үшін, оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың»деп бекер айтпаған.Ал адамгершілік тұрғыдан құнды қасиеттері бар, рухани бай тұлғаны қалыптастыру сәби кезінен бастау алатыны белгілі. Балабақаш қабырғасынан бастап, Отан, ел, жер ұғымының киелігін білу, салт-дәстүр, менталитет,

тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру басты қағидат. Ендеше бұл тұрғыда отбасы мен тәрбиешінің атқарар ролі зор.

Балалабқаша әдіскері Н.Аманова оқыту мен тәрбие ісінде ұлттық сипатымызды айқындайтын халықтық педагогиканы баланың деңгейіне қарай пайдаланып отырудағы мақсаттарымен таныстырып өтті. Осы мақсаттарына жету үшін өткізілген шараларда болсын, пікірталастар иен сайыстар болсын, спорттық жарыстар, ойындар болсын халықтық педагогикамен, ұлттық тәрбиемен ұштастырып отыру керектігін айтты. Осыған байланысты баланы ұлттық қасиеті жоғары, маңызын жоғалтпаған дәстүрдің озық үлгілерімен сусындатып, оның мағынасын ашатын іс-шараларды өткізіп отыру керек. Мысалы «Қош келдің әз-Наурыз!» мерекелік ертеңгіліктерде, денешынықтыруда ұйымдастырылған оқу қызметінде, қимылды ойындар әрекетінде кенінен қолданса жақсы болар еді деп, ұлттық ойындармен таныстырып өтті.

Тыңдалды: «Балбөбек» ортаңғы топта «Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуына» тақырыпты тексеру жүргізілді. Тәрбиеші Түнгатарова А балалақшада сауықтыру шараларын өткізуде тиімді технологияларды енгізуді мақсат еткен. Дене шынықтыруда сауықтыру жұмыстары спорттық және қимылды ойындар арқылы, музыкалық-ырғақты қимылдар арқылы, массаж жасайтын кілемше үстімен жүру және т.б. Шынықтыру үшін жазда күннің астында болу, шөптің үстімен жалаңаяқ жүру т.б. Серуен мен бақылаудағы шынықтыру шараларын жоспарлаған. Серуендеу барысында таза ауамен тыныс алу, күнделікті сергіту сәтінде, психогимнастика, саусақ ойындарында бала ағзасының қарсы тұру деңгейін азайтады. Тәрбиеші өз тобындағы балалардың белсенді қимылдарын жоспарлаған, спорттық ойындарды жоспарлаған. Балалармен жұмыс жасау үшін материалдар, көрнекіліктер әзірлеген. Мына тапсырмаларды өз жоспарына енгізген.

-аурулардың алдын алудың негізгі шаралары туралы түсініктерін қалыптастыру;

-негізгі азық-түлік тағамдары туралы білімдерін кеңейту. Үйде, көшеде, қоғамдық орындарда кейбір қауіпсіздік ережелерімен таныстыру;

-өзінің және басқа балалардың ауырғанын сезінген жағдайда ересектерден көмек сұрауға үйрету.

-тамақтану. Дәрумендер туралы білім. Су және оның ағзаға қажеттілігі. Азық-түліктер, оларды қолдану тәсілдері;

-аурудың алдын алу. Табиғи факторлардың көмегімен шынықтыру. Ұйқы мен демалысты дұрыс ауыстыру – денсаулық кепілі.

-А.А Уманскийдің нүктелі үгуі , сулы қолғаппен күннің екінші жартысында сүртіну, түймелер үстімен жүру, жазда бассейнге түсу, қыста таза ауада шынығу.

Тәрбиешінің жоспарлағаны дұрыс, ұсынысым осы жоспарлаған жұмыстарды циклограммада күнделікті қолданылуы.

Келесі мәселе тәрбиешілердің ашық ұйымдастырылған оқу қызметі талқыланды.

Сөйлегендер : балабақша әдіскері Н.Аманова:

Орыс тілі мұғалімі Д.Артыкова ортаңғы «Балбөбек» тобында өтілген «Кто, кто в теремочке живет?» атты орыс тілінен ұйымдастырылған оқу қызметін талқылады. Д.Артыкованың сабаққа дайындығы жақсы, Көрнекілігі көзге тартымды, сапалы. Балаларды ертегі кейіпкерлерін сомдатып, ойнатты. Балалар өзін еркін ұстап, орыс тілін жақсы меңгерген. Орыс тілінде санау, кері санау, әр кейіпкерді атау, олардың мінез-құлықтарын ажыратып, мысалыға қоян қандай болады-трусиха, қасқыр-серый, злой, түлкі-хитрая, акосолопый деп әр кейіпкерге мінездемені орысша атап берді. Үлкен-кіші ұғымдарын да орысша атап берді. Балалар берілген тапсырмаларды тықдай білді және орындай алды.

«Балбөбек» ортаңғы тобындағы әлеуметтен «Әдептен біз озбаймыз» ашық ұйымдастырылған оқу қызметін тәрбиеші Б.Патсаханова жақсы ұйымдастырған. Балалардың ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып әдепті болуды бойларына сіңіруді мақсат еткен. Көрнекілігі жақсы ,балалармен жақсы дайындалған. Балаларды ойша орманға саяхатқа шығара отырып, ол жердегі жануарлардың арасында әдептілік жоқ екенін және де олардың жасаған іс-әрекеттерін түзеу арқылы балаларға әдептілікті, ұқыптылықты, тазалықты, мейірімділікті , сыпайылыққа үйретті. Сиқырлы сөздер: өтініш, кешіресіз рахмет т.б. сөздер арқылы сыпайы болуды, әдепті болуды тәрбиеледі.

Шешім :

1. Барлық топтарда ұлттық құндылықтарды қолға алып, оқу-тәрбие үдерісінде енгізіліп, жұмыс жүргізілсін. .
2. Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуына толықтырулар енгізілсін, циклограммада қолданылсын.

3. Тәрбиеші Б.Патсаханова ашық ұйымдастырылған оқу қызметі өте жақсы деп бағалансын, әдіс - тәсілдері мен материалдар оқу - тәрбие үдерісінде пайданылсын.

Төрайым Аманбаева
Хатша Нұрманова



№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

28.08.2020 ж

Қатысқандар саны –11

Күн тәртібі:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды қорытындылау іс-шаралар есебі.
2. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметін бекіту. Өтпелі тақырыптарды , вариативті компонентті бекіту.
3. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын енгізу .
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту.
5. «Балалар жарақатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар»

Ты н д а л д ы балабақша меңгерушісі А.Баисбаева педагог қызметкерлерді жаңа оқу жылымен құттықтап, алдағы оқу жылында табысқа қол жеткізе беруді тіледі. Өткен оқу жылында балабақшаға балалардың қатысуы толық болғанын, ата-аналардың да балабақша ұжымының жұмысына жақсы көзқарасы қалыптасқанын айтып, бұл ұжым жақсы жұмысының нәтижесі екенін айтып өтті. Оқу жылының мақсаттарын орындауда ашық оқу қызметтер, семинарлар, топтар арасында сайыстар өткізіліп, балалардың жан-жақты дамуына жасалған жұмыстарға тоқтала келе меңгеруші тәрбиешілерге алғыс білдірді. Сонымен бірге меңгеруші мектепке дейінгі балалық шақ орталығы ұсынған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар» нұсқау хатымен таныстырып өтті. Оқу жылының жаңалығы өтпелі тақырыптар бойынша жоспарлау. Өтпелі тақырыптар арқылы перспективалық жоспарлау мектепке дейінгі ұйым педагогтарына балалардың мектепке дейінгі ұйымда болатын барлық уақытында білім беру әрекетін жоспарлы және бірізділікпен жүйелі түрде ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Бұл әдістемелік ұсынымдар стандарт талаптарына сәйкес әзірленді.

Мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын, білім беру салаларын кіріктіру арқылы тиімді іске асыру.

Міндеттері: Білім беру процесін жоспарлауда педагогтарға әдістемелік көмек көрсету, күні бойы білім беру процесін кіріктіріп, ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді

анықтау; бірлескен әрекеттің барынша тиімді формаларын енгізу арқылы балабақша өміріне және баланың әлеуметтенуіне ата-аналарды тарту.

Білім беру процесіне және режимдік сәттерге «Өтпелі» тақырыптарды жүйелі енгізу балалардың үлгілік бағдарлама мазмұнын тиімді игеруін қамтамасыз етеді. Перспективалық жоспарлаудың құрылымы қыркүйектен мамырға дейін барлық оқу жылына көзделген 9 өтпелі тақырыптар бойынша ұйымдастырылған. (соның ішінде 4 тақырыпша). Әр тақырып 1 айдың ішінде оқытылатынын түсіндіріп өтті.

Сонымен бірге меңгеруші А.Баисбаева «Мектепке дейінгі ұйымдағы стандарт өзгерістерін түсіндіру, оқу тәрбие жұмыстарына ендіру» туралы түсіндіріп өтті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдыға №292 қаулысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту кіріктірілген жолмен, «Денсаулық, Коммуникация, Таным, Шығармашылық, Әлеуметтік орта» 5 білім саласына негізделіп жүргізілетінін түсіндіріп өтті. Сонымен бірге меңгеруші Қатынас білім саласы «Коммуникация» б/с, ұйымдастырылған оқу іс әрекет термині ұйымдастырылған оқу қызметі болып өзгертілгенін, ересек және ортаңғы топтарда «Вариакативтік оқу» оқу қызметі ендірілгенін айтып өтті. Білім салаларындағы апталық жүктемелердегі өзгерістерді түсіндірді.

«Денсаулық» б/с - 3 сағатқа – көбейтіліп, дене шынықтыру оқу қызметі аптада 3 рет болатынын, әлеуметтік орта б/с азайтылғанын, таным б/с жаратылыстану оқу қызметі болып өзгертілгенін айтты.

Меңгеруші А.Баисбаева Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығы 1-қосымшасына сай «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін типтік бағдарламасымен» таныстырып өтті. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнының мониторингі көрсеткендей, бағдарламалардың көптігі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының тұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ете алмағандықтан, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үдерісті қамтамасыз ететін бірыңғай типтік білім беру бағдарламасын (бұдан әрі - *Типтік бағдарлама*) әзірлеу қажеттілігі пайда болды.

Типтік бағдарлама отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибелердің соңғы жетістіктері ескеріле отырып әзірленген мектепке дейінгі ұйымдарға арналған жалпы білім беретін бағдарламалық құжат болып табылатынын айтып өтті.

Тәрбиешілерге бағдарламаны басшылыққа алып жұмыс жобалау керектігін айтты.

Тәрбиешілер келісім берді.

Ты н д а л д ы балабақша әдіскері Н.Аманова «Мектепке тәрбие мен оқытудың МЖМС жүзеге асыру жағдайында балалардың жобалау зерттеу әрекеті» әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды. Қазіргі уақытта баланың танымдық әрекеті басым бағытқа ие болатын бала дамуының жаңа моделіне көп көңіл бөлінуде. Жобалау әрекетінің басты құндылығы ақыл ойды қалыптастырады, сөздік қорды байытады. Аталған әдістің ерекшелігі педагог дайын білімді

бермейді, танымдық әрекетті ұйымдастырады. Жобаны ұйымдастыру кезінде бірнеше кезеңді қарастырады, -ынталандыру(қызығушылығын ояту) –жобаның мақсаты мен міндетін анықтау;-жобаны іске асыру (не білемін, қалай білуге болады); бақылау; бағалау. Сонымен бірге жобаны өтпелі тақырыптарға сәйкес ұйымдастыру керектігін айтып өтті.

Пікір білдірді меңгеруші А.Баисбаева жобаны іске асыру үшін заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру керектігін, әр топта тәжірибе жүргізуге материалдар (құм, тас, қағаз,балшық, мата) болу керектігін айтып, тәрбиешілерге толықтыруды ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

Пікір білдірді тәрбиеші П.Бердалиева тәжірибе жасауды серуен кезінде кеңінен жобалауға болатынын айтып өтті.

2.Тыңдалды меңгеруші А.Баисбаева тәрбиешілерді 2018-2019 оқу жылының жылдық жоспарымен, күн тәртібі және топтарға арналған ұйымдастырылған оқу қызмет кестесімен таныстырып өтті. Былтырғы оқу жылында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында биылғы оқу жылында денсаулық,шығармашылық саласына көп көңіл бөлуді тапсырып, оқу жылының мақсаттарын таныстырып өтті. Осы мақсаттарды орындау үшін жұмыстар жүргізуді ұсынды

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жасерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім,білік және дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлт жандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу.

Міндеті:

«Денсаулық» білім беру саласы:

- 1.Баланың денсаулығын нығайту және қорғау жағдайларымен қамтамасыз ету, дене тәрбиесіне қызығушылығын дамыту, қозғалыс біліктіліктерін және дағдыларын қолдануға ынталандыру.
- 2.Мәдени-гигиеналық дағдыларға тәрбиелеу, салауатты өмір салты туралы түсініктерді қалыптастыру.

«Қатынас» білім беру саласы:

- 1.Эстетикалық талғамның болуын қарастыратын қатынас дағдыларын дамыту.
2. Балалардың белсенді сөздік қорын тымдық қасиеттерін ойын арқылы дамыту керектігі жайлы айтып өтті

3. Тыңдалды меңгеруші А.Баисбаева «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңартылған мазмұнын енгізу» тақырыбында баяндамасы Қазіргі таңда Қазақстанда дүние жүзілік білім берудің жаңа жүйесіне бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Сондықтан отандық және шет елдік ғылым мен тәжірибелердің соңғы жетістіктерін ескере отырып, әзірленген типтік бағдарлама жалпы білім беретін бағдарламалық құжат болып табылатынын айтып өтті. Сонымен бірге жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру бағыттарына тоқталып өтті. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері: білім беру мазмұнын кіріктіру, оқыту мазмұнының спиральды қағидатпен берілуі, жаңа технологиялар немесе блок тапсырмасына негіздеп оқыту, педагогикалық мақсат қою, білім саласының сабақтастығын жүзеге асыруда ортақ тақырыптар таңдау, балалардың рухани адамгершілік қасиеттерін екенін түсіндіріп өтті.

4. Тыңдалды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту бойынша іс шаралар мен денсаулығына үлкен көңіл бөлінуі керек екендігін тайтып өтті. Сонымен қатар балабақша медбикесіне күнделікті балалардың денсаулығын қатаң түрде тексеріліп оларды таңғы жаттығуға қызығушылығын ояту керектігін жайлы айтып өтті.

Пікір білдірді: меңгеруші А.Баисбаева тәрбиешілердің барлығы осы жұмысты атқаруды ұсынды және оны жазғы сауықтыру шынықтыру жұмыстарының өтілуін қанағаттанарлық деп есептеуді ұсынды.

Ұжым педагогтары бұл ұсынысты қуана құптайтындықтарын білдірді.

5... «Балалар жарақатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар»

Балалар жарақатын шартты түрде, бала қай жерде жарақат алған орнына қарай, бес типке бөлуге болады:

1. тұрмыстық (үйде, аудада, балабақшада болатын жарақаттар);
2. көшеде (бірінші кезекте көліктік, дегенмен көлікпен байланысты еместер де);
3. мектептегі;
4. спорттық
5. басқалар. Тұрмыстық жарақат – ең көп таралған және оның себептері көп жағдайда – ата-аналардың ұқытсыздығынан болады, баланы қараусыз қалдырып қана қоймай, сонымен бірге балаға қауіпті жерде қалдырады, терезе т.д жаппайды. Дем балабақша медбикесі айтып түсіндіріп өтті.

Қаулы :

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстарды қорытындылау іс-шаралар есебі тыңдалынсын.

2. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметін бекіту. Өтпелі тақырыптарды , вариативті компонентті бекітілсін.

3. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту ұсынылсын.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы енгізілсін .

4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайтылсын..

5. «Балалар жарақатының алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылсын

Кеңес төрайымы  А. Баисбаева

Хатшысы:  Н. Аманова



№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

25.10.2020 ж

Қатысқандар саны –10

Күн тәртібі

1. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2 «Балаларды өмір қауіпсіздік пен жолда жүру ережелерімен таныстыру.» (тақырыптық бақылау)
3. Бастапқы бақылау. Балалардың бастапқы білім деңгейін бақылау.
4. Қазан айында өтілетін ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері «Түстер әлемі» кіші топта.
 1. «Сиқырлы пішіндер » ересек топта.
 2. «Табиғатты аяла» Ортаңғы топта.
 3. «Гимнастикалық отырғыштың үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету» Ересек топта.

1 Тыңдалды Балабақша әдіскері Н.Аманова өткен кеңестің қаулыларының орындалуына есеп берді.Топтарда оқу қызмет №391 бұйрыққа сай жүргізіліп жатқанын, күн тәртібі қатаң сақталып Сан пин №615 бұйрыққа сай орындалып жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге оқыту жұмыстары жаңартылған білім мазмұнына сай апталық тақырыптар арқылы оқу қызмет жобалануы арқасында балалардың белсенділігі артқандығын айтып өтті. Сонымен бірге әдіскер ересектер және ортаңғы топ балаларының өзін-өзі алып жүруі, оқу қызметіне қатысуы қанағаттанарлық, кіші топтарда оқу қызметіне қатысуы енжарлау екенін ескертті. Тәрбиешілер бұл ескертудің орынды екенін мойындап, түзетуге келісім берді.

2. Тыңдалды 2 «Балаларды өмір қауіпсіздік пен жолда жүру ережелерімен таныстыру.» (тақырыптық бақылау)

Балабақшадағы тәрбиелеу- оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту,сөздік қорларын дамыту,ауызша сөйлеуге үйрете отырып үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.Біз балалармен сөздік қор жұмысымен қатар жолда жүру ережелерін де қатаң түрде сақталуын қадағалауымыз қажет. Тәрбиешілер күнделікті сабақ барысында таңғы

жаттығудан сон жол ережелерімен де таныстырып өтуді тоқтатпау қажет .Бағдаршам түстерін,Жол полиция қызметкерлерін олардың қандай қызмет атқаратынын толық тоусіндіру қажет.

3.Т ы н д а л д ы Балабақша әдіскері Н. Аманова Бастапқы білім деңгейін бақылау бойынша тәрбиешілерге түсіндірме жұмыстарын жүргізді .Онда балалардың біліктілік деңгейін І.ІІ.ІІІ деңгей мен белгілейді.

4 Т ы н д а л д ы Балабақш әдіскері Н. Аманова Қараша айында өткізілетін ашық ұйымдастырылған оқу қызмет түрлері « Сикырлы пішіндер» ересек топта

«Түстер әлемі» кіші топта, «Табиғатты аяла» Ортанғы топ «Гимнастикалық отырғыштың үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету» Ересек топта тақырыптарында тәрбиешілер сабақ жоспарларын бекітіп әр топ өз тақырыптарына сәйкес көрнекіліктерін реттеу керектігі айтып өтілді тәрбиешілер келісім берді.

Пікір білдірді меңгеруші А.Баисбаева Ашық ұйымдастырылған оқу қызмет жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.екендігін айтып өтті.

Қаулы

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Балаларды өмір қауіпсіздік пен жолда жүру ережелерімен таныстыру.» (тақырыптық бақылау) қанағаттанарлық.
3. Бастапқы бақылау білім деңгейін бақылау қанағаттанарлық.
4. « Сикырлы пішіндер» ересек топта
«Түстер әлемі» кіші топта, «Табиғатты аяла» Ортанғы топ «Гимнастикалық отырғыштың үстімен тепе-теңдік сақтап жүруге үйрету» Ересек топта оқу қызметі өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:  А.Баисбаева

Хатшысы:  Н.Аманова



№3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

23.12.2020 ж

Қатысқандар саны –11

Күн тәртібі:

1. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану. Баяндама.
3. Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы. Ересектер «Қарлығаш» тобы
4. Ашық сабақтарды талқылау.

1.Тыңдалды балабақша әдіскері Н.Аманова өткен кеңестің орындалуына есеп берді. «Қарлығаш» ортаңғы және «Балапан» II –кіші топтарда коммуникация білім саласының талаптарының орындалуы тақырыпты тексеру бойынша анықталған кемшіліктер түзетіліп жатқанын, балаларға арналған кітап бұрыш жасалып, балаларға арналған әдебиеттермен толықтырылғанын айтып өтті. Балабақшадағы сериялы топтамаларды оқу қызметте пайдаланып жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге топтарда сөйлеуді дамыту оқу қызметте үлестірме материалдар қолданылмай жатқанын ескертті. Өткен кеңесте таныстырылған «лепбук» тәрбиешілердің жұмысында әлі қолданылмай жатқанын ескертті.

2.Тыңдалды «Құм терапиясы — адамға өзінің жан дүниесіндегі өз «Менін», өзін танытуға, өзіне өте маңызды, жаң тебіренерлік және құпиясының ашылуына көмектеседі.

Құмдағы терапиясының қолданудағы мақсаты:

1. Бала өзін жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастыру.
2. Танымдық және психикалық процестерді дамыту; түйсікті (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, қиялды, кеңістіктік түсінікті, қолдардың ұсақ моторикаларын дамыту.
3. Ауызша және ауызша емес әдіс тәсілдерді қолдана отырып, тәжірибелік қарым — қатынастық біліктіліктер мен дағдыларды жетілдіру.

4. Қиялды, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік — логикалық ойлауды, көрнекі іс — әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту, балаларды белсенді іс — әрекетке және зейіннің шоғырлануына тәрбиеле

Пікір білдірді тәрбиеші С.Шамшиева ұжымдық жұмыстар мен дәстүрден тыс әдістермен орындалған жұмыстарын сабақ барысында қолданған тиімді екенін тайтып өтті.

Тәрбиешілер анықталған кемшіліктердің дұрыс екенін айтып, алдағы уақытта орындауға уәде берді.

Меңгеруші А.Баисбаева топтағы құм терапиясы оқу іс әрекеттеріндегі балалар жұмыстары қанағаттанарлық дәрежеде орындалған деп бағалауды ұсынды.

3. Тындалды . Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы. Ересектер «Қарлығаш» тобы Өтпелі тақырыптар мен вариативті компоненті тақырыптарына сай және өту барысы жақсы екенін айтып өтті.

Пікір білдірді балабақша меңгерушісі А.Баисбаева ақпаратты технологияны

Тәрбиешілер толық келісім берді.

4. . Ашық сабақтарды талқылау.Өткен кеңесте талқыланған ашық сабақтар қанағаттанарлық деп бағаланды. 4 топта өткізілген сабақ өз деңгейінде өткенін жеткізді.

Оқу іс әрекетті «Жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Қаулы:

1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.

2.« Құммен ойнау сауықтыру үдерісін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу құралы ретінде пайдалану(баяндама) тыңдалынды.

3. . Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы. Ересектер «Қарлығаш» тобының қанағаттанарлық.

4. Ашық сабақтарды талдау қанағатанарлық.

Кеңес төрайымы



А.Баисаева

Хатшысы:

Н.Аманова

№4 педагогикалық кеңестің хаттамасы

28.03.2021ж

Қатыскандар саны—10

Күн тәртібі:

- 1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Жарты жылдық мониторинг. (Аралық мониторинг)
3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы» (Баяндама)
4. Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуы (тақырыпты тексерудің қорытындысы)

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Н.Аманова өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есеп берді. Өткен кеңесте айтылған ашық сабақтар мен вариативтік сабақтар қанағатанарлық.

2.Тыңдалды Жарты жылдық мониторинг (Аралық мониторинг)
Балалардың білік білім деңгейін анықтайтын жарты жылдық мониторинг балалардың алған білімін Ұйымдастырылған оқу қызмет барысында Денсаулық ,әлеумет,шығармашылық,қатынас,таным осы бес сала бойынба балалардың жеке даму картасы бойынша аралық мониторинг қорытындысы қанағатанарлық.

3. Тыңдалды : «Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы» (Баяндама)
Қай ел, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Өркениет жолында алға ұмтылған ұлт, ең алдымен, келешек ұрпаққа оқу- білім және өнегелі тәрбие беру ісін дұрыс жолға қоюы тиіс. Патриоттық сезім жалпы адам баласының елін, жерін, өз тілі мен мәдениетін, тарихи ұлттық құндылықтарын қастерлейтін, батырларын үлгі тұтатын, елінің болашағына сеніммен карап, өзіндік бағасын түйсінуін, қуаттап қолдауын пайымдайтын көрсеткіші болып табылады. Мәңгілік ел — ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы екенін барлығымыз білеміз.Ол арман тұрмысы бақуатты, түтіні түзу

шыққан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты ел болу еді. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ-мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел», - деді. Сондықтанда біз бүгінгі ұрпағымызды ата-бабамыздан қалған баймұрамыз салт-дәстүрлерімізбен, мәдени құндылықтарымызбен таныстыруымыз керек.

Пікір білдірді: балабақша меңгерушісі А.Баисбаева «Ұлттық құндылықтарымызды балалар бойына сіңіріп, мәдени мұрамызды балаларға насихатау керектігін айтып өтті тәрбиешілер келісті.

4.Балабақша әдіскері Н.Аманова «Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуы (тақырыпты тексерудің қорытындысы) жазғы сауықтыру кезеңіндегі алынған міндеттермен таныстырды. Педагогтар мен мейрбикеге өз қызметтерін жауапкершілікпен атқаруды міндеттеді.

Қаулы

- 1.Өткен кеңес қаулылырын орындалуы қанағаттанарлық.
2. Жарты жылдық мониторинг. (Аралық мониторинг) қанағаттанарлық
3. «Мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық құндылықтарды насихаттаудың маңызы» (Баяндама) тыңдалынсын.
4. Сауықтыру шараларының жоспарлануы және ұйымдастырылуы (тақырыпты тексерудің қорытындысы) қанағаттанарлық.

Кеңес төрайымы:



А.Баисбаева

Хатшысы:

Н.Аманова

№5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

24.05.2021 ж

Қатысқандар саны—10

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Жазғы сауықтыру жұмысына бекіту
3. Қорытынды мониторинг
4. Ашық сабақтарды талқылау

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі:

1.«Дәстүрден тыс сурет салу» ерте жас тобы

1.Т ы н д а л д ы Балабақша меңгерушісі А.Баисбаева өткен кеңестің қаулыларының орындалуы айтып өтті. Балабақшада балалармен жұмыста сабақтар бойынша жұмыстар жүргізілгенін , керекті құралдар біршама толықтырылғанына тоқталып өтті. Сонымен бірге меңгеруші оқу жылында тәрбиешілердің жасаған жақсы жұмыстарына тоқталып өтті.

Оқу жылында балалар оқу қызметке жақсы қатыса алатын болды, балалар білімдері жақсарғанын айтып өтті. Тәрбиешілерге ата-аналармен бірлесе жұмыстарды жалғастыра беруді ұсынды.

Тәрбиешілер келісім берді.

2.Т ы н д а л д ы Меңгеруші А.Баисбаева жазғы сауықтыру кезеңіндегі алынған міндеттермен таныстырды. Педагогтар мен мейірбикеге өз қызметтерін жауапкершілікпен атқаруды міндеттеді.

Қызметкерлер келісім берді.

3. Қортынды мониторинг (өзіңіздің көрсеткіштеріңізді жазыңыз)

Қорытынды мониторингта балалардың білім мен білік деңгейлерін бастапқы және аралық бақылаудан қарағанда біршама өскені жайлы айтылып өтті. Балалардың білім білік деңгейлері ІІІ әр топта өскені жайлы айтылып өтті.

4.Т ы ң д а л д ы

Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерді талдау

1. Табиғат жайлы біз не білеміз?» кіші топта» оқу қызметінде тәрбиеші балалардың назарын өзіне шоғырландыра алады, тиімді әдістер дидактикалық ойын, тақпақ айту жобаланған. Балалар түгел қамтылды, қорытындылау кезінде қойылатын сұрақтарды нақты дайындаған.
2. «Қазақтың ұлттық аспаптары» оқу қызметінде білім саласы сабақтастырылған, керекті құралдар талапқа сай дайындалған, сахналау әдісі, топтастыру жобаланған. Балалар жұмысын толық аяқтап шықты.

Меңгеруші Баисбаева А тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерінің жақсы қалыптасып келе жатқанын айтып, оқу іс әрекеттерін «жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Қаулы:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы-талапқа сай
2. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекітілсін.
3. Қортынды мониторинг бекітілсін
5. Тәрбиешілердің ашық оқу қызметтерінің ұйымдастырылуы мен өтілуі «жақсы» деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



А.Баисбаева

Н.Аманова

«Асыл Әшім» бөбекжай балабақшасы

Бекіткен

Балабақша меңгерушісі

« 24 » 08



Педагогикалық кеңестер.

2021-2022 оқу жылы

№1 педагогикалық кеңестің хаттамасы

27.08.2021 ж

Қатысқандар саны –14

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылын ұйымдастыру және білім беру жұмыстарын жоспарлау»

1. Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру туралы 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хаттармен таныстыру.
2. Педагогикалық ұжымды 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, бекіту (күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі)
3. Балабақшадағы санитариялық қағида сақтау талаптары.
4. 2020-2021 оқу жылының жоспарын талдау.
5. Тәрбиешілердің 2021-2022 оқу жылына шығармашылық тақырыптарын бекіту

1. Тыңдалды балабақша меңгерушісі А.Баисбаева педагог қызметкерлерді жаңа оқу жылымен құттықтап, алдағы оқу жылында табысқа қол жеткізе беруді тіледі. Өткен оқу жылында балабақшаға балалардың қашықтықтан қатысуы болғанын, ата-аналардың да балабақша ұжымының жұмысына жақсы көзқарасы қалыптасқанын айтып, бұл ұжым жақсы жұмысының нәтижесі екенін айтып өтті. Оқу жылының мақсаттарын орындауда топтар арасында қашықтықтан сайыстар өткізіліп, балалардың жан-жақты дамуына жасалған жұмыстарға тоқтала келе меңгеруші тәрбиешілерге алғыс білдірді.

Сонымен бірге меңгеруші мектепке дейінгі балалық шақ орталығы ұсынған **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда өтпелі тақырыптарды қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар»** нұсқау хатымен таныстырып өтті. Оқу жылының жаңалығы өтпелі тақырыптар бойынша жоспарлау. Өтпелі тақырыптар арқылы перспективалық жоспарлау мектепке дейінгі ұйым педагогтарына балалардың мектепке дейінгі ұйымда болатын барлық уақытында білім беру әрекетін жоспарлы және бірізділікпен жүйелі түрде ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Бұл әдістемелік ұсынымдар стандарт талаптарына сәйкес әзірленді.

Мақсаты: мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын, білім беру салаларын кіріктіру арқылы тиімді іске асыру.

Міндеттері: Білім беру процесін жоспарлауда педагогтарға әдістемелік көмек көрсету, күні бойы білім беру процесін кіріктіріп, ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді

анықтау; бірлескен әрекеттің барынша тиімді формаларын енгізу арқылы балабақша өміріне және баланың әлеуметтенуіне ата-аналарды тарту.

Білім беру процесіне және режимдік сәттерге «Өтпелі» тақырыптарды жүйелі енгізу балалардың үлгілік бағдарлама мазмұнын тиімді игеруін қамтамасыз етеді. Перспективалық жоспарлаудың құрылымы қыркүйектен мамырға дейін барлық оқу жылына көзделген 9 өтпелі тақырыптар бойынша ұйымдастырылған. (соның ішінде 4 тақырыпша). Әр тақырып 1 айдың ішінде оқытылатынын түсіндіріп өтті.

Меңгеруші А.Баисбаева Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығы 1-қосымшасына сай «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін типтік бағдарламасымен» таныстырып өтті. Мектепке дейінгі білім беру мазмұнының мониторингі көрсеткендей, бағдарламалардың көптігі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының тұтастығы мен сабақтастығын қамтамасыз ете алмағандықтан, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогикалық үдерісті қамтамасыз ететін бірыңғай типтік білім беру бағдарламасын *(бұдан әрі - Типтік бағдарлама)* әзірлеу қажеттілігі пайда болды.

Типтік бағдарлама отандық және шетелдік ғылым мен тәжірибелердің соңғы жетістіктері ескеріле отырып әзірленген мектепке дейінгі ұйымдарға арналған жалпы білім беретін бағдарламалық құжат болып табылатынын айтып өтті.

Тәрбиешілерге бағдарламаны басшылыққа алып жұмыс жобалау керектігін айтты. Тәрбиешілер келісім берді.

Тыңдалды балабақша әдіскері Н.Аманова «Мектепке тәрбие мен оқытудың МЖМС жүзеге асыру жағдайында балалардың жобалау зерттеу әрекеті» әдістемелік нұсқау хатымен таныстырды. Қазіргі уақытта баланың танымдық әрекеті басым бағытқа ие болатын бала дамуының жаңа моделіне көп көңіл бөлінуде. Жобалау әрекетінің басты құндылығы ақыл ойды қалыптастырады, сөздік қорды байытады. Аталған әдістің ерекшелігі педагог дайын білімді бермейді, танымдық әрекетті ұйымдастырады. Жобаны ұйымдастыру кезінде бірнеше кезеңді қарастырады, -ынталандыру(қызығушылығын ояту) –жобаның мақсаты мен міндетін анықтау;-жобаны іске асыру (не білемін, қалай білуге болады); бақылау; бағалау. Сонымен бірге жобаны өтпелі тақырыптарға сәйкес ұйымдастыру керектігін айтып өтті.

Пікір білдірді меңгеруші А.Баисбаева жобаны іске асыру үшін заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру керектігін, әр топта тәжірибе жүргізуге материалдар (құм, тас, қағаз,балшық, мата) болу керектігін айтып, тәрбиешілерге толықтыруды ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

Пікір білдірді тәрбиеші П.Бердалиева тәжірибе жасауды серуен кезінде кеңінен жобалауға болатынын айтып өтті.

2. Тыңдалды меңгеруші А.Баисбаева тәрбиешілерді 2020-2021 оқу жылының жылдық жоспарымен, күн тәртібі және топтарға арналған ұйымдастырылған оқу қызмет кестесімен таныстырып өтті. Былтырғы оқу жылында анықталған кемшіліктерді жою мақсатында биылғы оқу жылында денсаулық, шығармашылық саласына көп көңіл бөлуді тапсырып, оқу жылының мақсаттарын таныстырып өтті. Осы мақсаттарды орындау үшін жұмыстар жүргізуді ұсынды.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың жасерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлғандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеу.

Міндеті:

«Денсаулық» білім беру саласы:

1. Баланың денсаулығын нығайту және қорғау жағдайларымен қамтамасыз ету, дене тәрбиесіне қызығушылығын дамыту, қозғалыс біліктіліктерін және дағдыларын қолдануға ынталандыру.

2. Мәдени-гигиеналық дағдыларға тәрбиелеу, салауатты өмір салты туралы түсініктерді қалыптастыру.

«Қатынас» білім беру саласы:

1. Эстетикалық талғамның болуын қарастыратын қатынас дағдыларын дамыту.

2. Балалардың белсенді сөздік қорын тымдық қасиеттерін ойын арқылы дамыту.

Балабақшаның күн тәртібіндегі өзгерістермен таныстыра келе меңгеруші тәрбиешілерді күн тәртібін бұзбай жұмыс істеуге шақырды. Педагогтар бұл ұсыныстармен толық келісетіндіктерін білдірді.

3. Тыңдалды балабақша мейірбикесі Ж.Бердымаханбетова Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығы негізін қолға ала отырып санитарлық-эпидемиологиялық талап бойынша балаларды күнделікті тексеріп қабылдап жатқандығын және де тәрбиешілерге балалармен бірге сақтық шараларын қалай сақтау жөнінде түсіндірме жұмыс жасап, күнделікті балабақшаға ата-анасынан қабылдап алу кезінде әр баланы санитарлық талап бойынша қабылдап алуын қадағалап отырғандығы жөнінде айтып өтті.

Балабақша меңгерушісі А.Баисбаева бұл ұсынысты құптайтындығын білдірді.

4. Тыңдалды меңгеруші А.Баисбаева «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңартылған мазмұнын енгізу» тақырыбында баяндамасы Қазіргі таңда Қазақстанда дүние жүзілік білім берудің жаңа жүйесіне бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Сондықтан отандық және шет елдік ғылым мен

тәжірибелердің соңғы жетістіктерін ескере отырып, әзірленген типтік бағдарлама жалпы білім беретін бағдарламалық құжат болып табылатынын айтып өтті. Сонымен бірге жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру бағыттарына тоқталып өтті. Жаңарылған білім беру бағдарламасының ерекшеліктері: білім беру мазмұнын кіріктіру, оқыту мазмұнының спиральды қағидатпен берілуі, жаңа технологиялар немесе блок тапсырмасына негіздеп оқыту, педагогикалық мақсат қою, білім саласының сабақтастығын жүзеге асыруда ортақ тақырыптар таңдау, балалардың рухани адамгершілік қасиеттерін екенін түсіндіріп өтті.

5. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту туралы балабақша меңгерушісі А.Баисбаева пікір білдірді. Биылғы оқу жылында тәрбиешілердің шығармашылығын дамыту, жаңа әдіс – тәсілдерді игеруде алға ілгерушілікті жандандыру үшін кейбір тәрбиешілерге бастаған шығармашылық тақырыптардың жалғастыруды, жаңа келген тәрбиешіге топқа берген тақырып бойынша жұмыс жүргізуді ұсынды. Тәрбиешілер түгел келісім берді

Шығармашылық жұмыс тақырыптары

№	Тақырыбы	Мерзімі	Тәрбиешілердің аты-жөні
1.	Бақылау мен басшылықты ғылыми тұрғыда жобалау.	Жыл бойы	Меңгеруші А.Баисбаева
2.	Балалардың құзыреттілігін қалыптастыруда жаңашыл тиімді әдістер қолдану.	Жыл бойы	Әдіскер Н.Аманова
3.	«Мектеп жасына дейінгі балалардың ақыл-ойын дамуындағы математиканың алатын орны»	Жыл бойы	О.Айтмырзаева
4.	«Денсаулық сақтау технологиясын мектепке дейінгі ұйымда жүргізу маңыздылығы»	Жыл бойы	П.Бердалиева
5.	«Қазіргі замандағы мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің жағдайында патриоттыққа тәрбиелеу тәсілдері»	Жыл бойы	Г.Калдарова
6.	«Мектеп жасына дейінгі балалардың белсенді сөздік қорын дамыту»	Жыл бойы	С.Шамшиева
7.	Бала біздің болашағымыз.	Жыл бойы	Ж.Сабирава
8.	Балалардың сөздік қорын ойын арқылы дамыту жолдары.	Жыл бойы	Б.Патсаханова

9.	Балаларды шығармашылыққа баулу.	Жыл бойы	М.Жаманшасва
10.	Салауатты өмір салтын сақтау.	Жыл бойы	О.Камбарбекова
11.	Бала тілін мнемотехника арқылы дамыту.	Жыл бойы	А.Керинбекова
12.	«Драматизация как средство самовыражения»	Жыл бойы	Д.Артыкова
13.	Балаларға эстетикалық тәрбие беруде музыканың рөлі.	Жыл бойы	С.Белтаева

Қаулы :

1. 2021-2022 оқу жылына арналған ҚР білім және ғылым министрлігі бекіткен әдістемелік нұсқау хаттар оқу тәрбие жұмыстарында қолданылсын.

2. Балабақшаның жылдық жоспары, күн тәртібі және оқу іс әрекет кестесі бекітілсін.
3. Балабақшада санитариялық қағидалар талабы бойынша жүргізілсін.
4. 2021-2022 оқу жылының жоспарын талдау бойынша Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жаңартылған мазмұнын енгізілсін.
5. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары бекітілсін.

Кеңес төрайымы

А.Баисбаева

Хатшысы:

Н.Аманова



№2 педагогикалық кеңестің хаттамасы

25.10.2021 ж

Қатысқандар саны –13

Күн тәртібі

Тақырыбы: : Балабақшаның барлық мамандарының бірлесуі арқылы балаларды педагогикалық жұмысының нәтижесін көтеру.

- 1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. Балалардың тілдерін дамыту барысында сөздік ойындар пайдалану деңгейі (тақырыптық бақылау)
3. Баланың денсаулығын нығайту және өмірін қорғауда бірегей кеңістіктің құрылуы
4. Тәрбиешілерге шығармашылық салаға байланыстырып, бағдарламалық тақырыптарға сай бағыт бағдар беру.
- 5.Тәрбиешілердің ата-аналар чатына жіберілген видеороликтерді талқылау.

Тыңдалды Балабақша әдіскері Н.Аманова өткен кеңестің қаулыларының орындалуына есеп берді.Топтарда оқу қызмет №391 бұйрыққа сай жүргізіліп жатқанын, күн тәртібі қатаң сақталып Сан пин №615 бұйрыққа сай орындалып жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге оқыту жұмыстары жаңартылған білім мазмұнына сай апталық тақырыптар арқылы оқу қызмет жобалануы арқасында балалардың белсенділігі артқандығын айтып өтті. Сонымен бірге әдіскер ересектер және ортаңғы топ балаларының өзін-өзі алып жүруі, оқу қызметіне қатысуы қанағаттанарлық, кіші топтарда оқу қызметіне қатысуы енжарлау екенін ескертті. Тәрбиешілер бұл ескертудің орынды екенін мойындап, түзетуге келісім берді.

2. Тыңдалды Балабақшадағы тәрбиелеу- оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту,сөздік қорларын дамыту,ауызша сөйлеуге үйрете отырып үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып оларды айналасындағы заттармен таныстырып,атын айта білуге,қасиеті мен сапасын,түр-түсі және пішінін ажырата білуге өмірдегі,қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым,түсініктерін дамыта отырып белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту, ісіне тәрбиешінің балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап анықтап әрі байытып отыру басты міндет болып саналады. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулар орны ерекше. Соның ішінде ойын-баланың шын тіршілігі. Ойын-бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Мәселен, кез келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасайды. Өз тәжірибемде заттарды карау, сурет карау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын сабақтарын ұйымдастыру барысында балалар сөздік қорларын дамытады. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді. Топта өзім жетекшілік ете отырып балаларды ойын ережесін сақтауға әрі ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады.

Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: "Дәл осындай тауып ал", "Салыстыр да атын ата", "Қай ағаш жапырағы?", "Бірдей ойыншықты тап".

3. Т ы н д а л д ы Балабақш әдіскері Н. Аманова Қазақ халқы қай уақытта болмасын ұрпақ тәрбиесін ұлттың тағдыры, ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан тәрбие мәселесіне көп көңіл бөліп, ұрпағымыздың денсаулығы мен амандығын тілеген. Сол сияқты, кез келген мектепке дейінгі мекеменің басты міндеттерінің бірі-балалардың денсаулығын нығайтып, өмірін қорғау болып табылады.

Бүгінгі адам салауатты өмір мен денсаулық мәдениетін игермей тұрып, өзін білімді адам деп санай алмайды. Өйткені, әрқайсымыздың денсаулығымыз бұл жеке байлық қана емес, ол сондай-ақ еліміздің дамыған елу елдің қатарына қосылуы үшін де қажетті шарт. Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой - өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Сау жан – сау денеде ғана болады» - деген. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі.

Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілеріне арналған нұсқау.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.

1. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқау

балабақшасының барлық тәрбиешілері орындауы үшін міндетті болып саналады.

2. Тәрбиешілер балалардың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие.

3. Тәрбиешілер барлық күн тәртібі сәттерінде балаға бақылау жасайды.

4. Жарақатты болудың алдын алуға тиіс.

5. Балабақша бөлмелерінде қозғалу кезінде, балалар бақшасы аумағынан тыс жерде, сондай-ақ техникалық оқыту құралдарын пайдалану

кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, балаларды балалар бақшасы аумағынан тыс жерге жібермеу керек.

6. Бала өз бетінше кетіп қалған жағдайда, тәрбиеші бұл туралы әкімшілікке хабар беріп, оны жедел іздестіруді ұйымдастыруға тиісті.

7. Балаларды үйге жалғыз жіберуге, бөтен адамдармен, мас адамдар қолына беруге тыйым салынады.

8. Ата-анасымен алдын ала баланы жетуге сенім білдірген

адамға сенімхат рәсімдеу, оған ата-анасы мен сенім білдірген адамның қолы қойылған болуы тиіс.

9. Балалармен оқу қызметін өткізу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау, оларды қауіпсіздік еңбек әдістерін үйрету.

10. Оқу қызметінде сіреңке мен басқа да қауіпті материалдарды пайдаланбау.

11. Учаскелерде, топтарда, дәліздер мен

баспалдақ алаңдарында қауіпсіз жүріс тұрыс ережелері туралы балаларға ұдайы нұсқау беру.

12. Серуендеу кезінде балаларды топқа жалғыз

жібермеу керек.

13. Үнемі балалармен бірге болу қажет.

Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілеріне арналған нұсқау.

Жаз мерзімінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.

1. Балалардың күні бойы топта болу кезінде ауа жылу тәртібін сақтау .
2. Балалар жоқ кезде ғана бөлмені жөндету .
3. Балаларды серуендеуге ұйымдасқан түрде шығару,баспалдақтан түсу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау:балалар төменгі белдеуден ұстауы , бірін бірі итермеуі және бір бірінен озбауы тиіс.
4. Балалар серуендейтін жер алдын ала қауіпті заттар мен улы өсімдіктердің болу жағдайына арнап тексерілуі тиіс,учаскідегі жабдықтар ойнау үшін қауіпсіз болуы , шегелердің шығып тұрмауы,тақтайлар сынуға дайын тұрмауы тиіс.
5. Құмдақтағы құм таңғы және кешкі серуеннен соң міндетті түрде аударылып , конус тәрізді пішінге жинастырылуы тиіс.
6. Балалар құммен ойнаған кезде , құмды бір біріне лақтырмауын қадағалауы керек , балаларға құм көзге түсуі мүмкін екендігін ескерту.
7. Балалар бассейнге қатаң кесте бойынша шомылуы керек.
8. Тәрбиеші және медициналық қызметкердің қатысуымен ғана балалар суға шомылуы тиіс.
9. Балалар шомылған кезде шомылу мен демалуды кезек -кезек жүргізу керек . уақыт мөлшерін сақтау керек
- 10.Ыстық уақытта күн өтуден сақтану үшін балаладың жұмсақ, әрі жеңіл бас киімдері болуы тиіс.
- 11.Балаларды әткеншек пен сырғанақ тебу,арқанға ,баспалдаққа өрмелеу кезінде , міндетті түрде оларды сақтандыру керек.
- 12.Ыстық уақытта су ішу тәртібін сақтау қажет.

Пікір білдірді меңгеруші А.Баисбаева Шынықтыру шаралары жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Ұзу немесе тоқтату салдарынан организмді шынықтыру барысында қалыптасқан бейімделу реакциялары жойылады. Сондықтан да,шынықтырудың жүйелілігі,яғни шынықтыру әрекеттері күнделікті кез келген мезгілде жүргізілуі тиіс деп айтып өтті.Тәрбиешілер толық келісетіндіктерін білдірді.

4.Тыңдалды Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына тоқталып өтіп тақырыптарына сай заманауи технологиялар мен әдістемелер түсіндіріліп откізілді. Тәрбиешілер дамуға сөздік және тілдік ойындар, таным білім саласы бойынша ойындар топтамасын көрсетіп, өзара тәжірибе бөлісті.

5.Тыңдалды балабақша әдіскері Н.Аманова 2020 жылдың наурыз айынан бастап қашықтықтан оқыту бағдарламасы жүргізілді

2) Ересек топ тәрбиешісі П.Бердалиева қашықтықтан оқыту бағдарламасын үздіксіз алып жүрді. Ата-аналарда түсіністік танытып белсене қатысуға тырысты. Ұйымдастырылған оқу қызметіне сай үздіксіз видеороликтер және сайыстар өткізіліп отырды.

Қаулы

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. Балалардың тілдерін дамыту барысында сөздік ойындар пайдалану арқылы жұмыстар жүргізілсін.
3. Баланың денсаулығын нығайту және өмірін қорғауда бірегей кеңістік құрылсын және бақылансын.
4. Тәрбиешілерге шығармашылық тақырыптар бекітілсін бағдар берілсін.
5. Тәрбиешілердің ата-аналармен қарым-қатынасы үнемі бақылауда болсын.

Кеңес төрайымы

А.Баисбаева

Хатшысы:

Н.Аманова



№3 педагогикалық кеңестің хаттамасы

23.12.2021 ж

Қатысқандар саны –12

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Сау дене, озат ақыл, жылы жүрек»

1. Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Сау дене қалыптастыруға арналған өнімді іс-әрекеттер нысандарын ұйымдастыру сапасы» (Балалар дене дамуының көрсеткішін сараптау, мейірбикенің есебі)
3. Жарты жылдық мониторинг
4. Ұйымдастырылған ашық оқу қызметін талдау

1.Тыңдалды балабақша әдіскері Н.Аманова өткен кеңестің орындалуына есеп берді. «Қарлығаш» ересек және «Балдырған» топтарда қатынас білім саласының талаптарының орындалуы тақырыпты тексеру бойынша анықталған кемшіліктер түзетіліп жатқанын, балаларға арналған кітап бұрыш жасалып, балаларға арналған әдебиеттермен толықтырылғанын айтып өтті. Балабақшадағы сериялы топтамаларды оқу қызметте пайдаланып жатқанын айтып өтті. Сонымен бірге топтарда сөйлеуді дамыту оқу қызметте үлестірме материалдар қолданылмай жатқанын ескертті.

2.Тыңдалды «Сау дене қалыптастыруға арналған өнімді іс-әрекеттер тақырыбында іс-әрекеттер нысандарын ұйымдастыру сапасы» (Балалар дене дамуының көрсеткішін сараптау бойынша балабақшамыздың мейірбикесі Ж.Бердымахамбетова тоқталып өтті. Біздің балабақшада күн сайын, барлық жас топтарында денсаулықты нығайтуға көмектесетін және балалардың дене білімін жан-жақты дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дене жаттығуларының бірнеше түрлері ұсынылады.

1. «Балбөбек» ортаңғы тобының тәрбиешілері О.Камбарбекова мен Б.Патсахонова «Таңертеңгілік жаттығуларды өткізуде баланың денесін нығайту мен жақсартудың маңызы» туралы өз тәжірибелерімен бөлісуге шақырамын.

2. «Қарлығаш» Ересек тобының тәрбиешілері П.Бердалиева мен Г.Қалдарова «Серуеннің бала өміріндегі маңызы» туралы өз тәжірибесімен бөліседі.

3. «Балдырған» кіші тобының тәрбиешілері С.Шамшиева және М.Жаманшаева «Баланың тыныс алуын жақсартатын жаттығулар» туралы өз тәжірибелерімен бөліседі.

4. «Ботақан» ерте жас тобының тәрбиешілері Ж.Сабирова мен А.Керимбекова «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған саусақ ойын жаттығулары» туралы өз тәжірибелерімен бөліседі.

Пікір білдірді балабақша әдіскері Н.Аманова Балаларымыздың дені сау болып өсуі үшін үнемі қадағалап бақылауда ұстауымызды ұмытпайық және қадағалайық деп өз пікірін білдіріп өтті.

3. Тыңдалды Балабақша әдіскері жарты жылдық мониторингке тоқталып өтті оған Мониторингтің объектісі балалардың жасы мен «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттері кіреді. Стандарт талаптары бала дамының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

- 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды бақылау;
- әңгілелесу;
- бала әрекетінің өнімдерін талдау;
- диагностикалық жағдаяттар.

Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет

– оқу жылының басында,

ортасында және соңында:

- бастапқы – қыркүйек;
- аралық – қаңтар;
- қорытынды – мамыр.

Топтар бойынша мынадай болды:

Кіші топ- 33

Ортаңғы топ -35

Ересек топ-39

4. Тыңдалды Ұйымдастырылған ашық оқу қызметін талдау бойынша балабақша әдіскері Н.Аманова тәрбиеші С.Шампиева «Алғашқы қар» тақырыбында кіші топта өткен ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне тоқталып өтті.

Оқу қызмет балалардың жасына, бағдарлама талаптарына сай жобаланған.

Керекті құралдар талапқа сай дайындалып, алдын ала тарқатылған.
Оқу қызметте білім саласын сабақтастырылған, тақырыпқа сай тапсырмалар орындау, сурет салу, түстерді ажырату тапсырмалары тиімді жобаланған.

Оқу қызметті «Жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Сау дене қалыптастыруға арналған өнімді іс-әрекеттер нысандарын ұйымдастыру сапасы» Балалар дене дамуының көрсеткішін сараптау, мейірбикенің есебі тыңдалынсын.
3. Жарты жылдық мониторинг есебі берілсін.
4. Тәрбиеші С.Шамшиева «Алғашқы қар» тақырыбында оқу қызметі «жақсы» деп бағалынсын.

Кенес төрағасы

Хатшысы



А.Баисаева

Н.Аманова

12.02.2022ж

Қатысқандар саны–10

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Ұлттық ойындар дене тәрбиесінде»

- 1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2 Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері(баяндама)
- 3.Шебер қолдар – бастыру әдісі бойынша практикалық тапсырма
- 4.Ұлттық ойындар көрмесі
- 5.Ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерін талдау
«Қыстағы жануарлар» Ортаңғы топ

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Н.Аманова өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есеп берді. «Сау дене қалыптастыруға арналған өнімді іс-әрекеттертақырыбында іс-әрекеттер нысандарын ұйымдастыру сапасы» (Балалар дене дамуының көрсеткішін сараптау бойынша балабақшамыздың мейірбикесі Ж.Бердымахамбетова айтқандарын тоқталып сау дене қалыптастыру үшін балаларымызды үнемі қадағалап отыруымыз керектігі жайлы айтып өтті.Жарты жылдық мониторинг дұрыс ыстеп соны ары қарай жалғастыру жайлы тоқталды.

Сонымен бірге«Жарты жылдық мониторинг » қорытындысы бойынша аңқиталған кемшіліктер өз мерзімінде орындалсын айтып өтті.

2.Т ы ң д а л д ы «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері(баяндама). Тәрбиеші баяндамасында Ұлттық ойындарға тоқталып өтті. Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді. Ұлттық ойындардың мектеп жасына дейінгі балаларға лайықтары «Көкпар», «Орамал алу», «Тақия жасыру», «Алтын қақпа», «Ақ серек-Көк серек», «Айгөлек», «Ақ сандық – Көк сандық», «Ақ сүйек» баланың көзін жұмғызып алаңдағы ағаш ішіне сүйекті лақтырып жіберіп, іздеу т.б. ойындар ойнату арқылы баланы тапқырлыққа, жылдамдыққа, шапшаңдыққа, икемділікке, батылдылыққа үйрету іске асырылады. Яғни, таңертеңгі қабылдау кезінен кешке баланың үйге қайтуына дейінгі уақыт аралығындағы күн тәртібіне сәйкес дене тәрбиесі күні бойғы тәрбие түрлерімен біртұтас сабақтас жүргізіледі. Сондықтан да, бағдарлама

тапсырмалар орындау, сурет салу, түстерді ажырату тапсырмалары тиімді жобаланған.

Оқу қызметті «Жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Қаулы

- 1.Өткен кеңес қаулылырын орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері тақырыбында баяндама тындалынсын.
- 3.«Шебер колдар – бастыру әдістері бойынша практикалық тапсырма берілсін.
- 4.Балаларға Ұлттық ойындар көрмесі ұымдастырылсын
- 5.Тәрбиеші О.Қамбарбекова «Қыстағы жануарлар» оқу қызметі «жақсы» деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



А.Баисбаева

Н.Аманова

№5 педагогикалық кеңестің хаттамасы

12.04.2022 ж

Қатысқандар саны–10

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «Тәрбие тал бесіктен басталады»

- 1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы
- 2.Бала тәрбиесінде көркем шығарманың орны (Баяндама)
- 3.Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың маңызы.
- 4.Түрлі мәселелерді талқылау(салыстырмалы бақылау)

1.Т ы ң д а л д ы Балабақша меңгерушісі А.Баисбаева өткен кеңестің қаулыларының орындалуы айтып өтті. Балабақшада балалармен жұмыста ұлттық ойындар суретті картиналары бойынша жұмыстар жүргізілгенін, керекті құралдар біршама толықтырылғанына тоқталып өтті. Сонымен бірге меңгеруші оқу жылында тәрбиешілердің жасаған жақсы жұмыстарына тоқталып өтті. Оқу жылында балалар оқу қызметке жақсы қатыса алатын болды, балалар білімдері жақсарғанын айтып өтті. Тәрбиешілерге ата-аналармен бірлесе жұмыстарды жалғастыра беруді ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

2.Т ы ң д а л д ы Бала тәрбиесіндегі көркем шығарманың орны(баяндама)

Тәрбиеші О.Қамбарбекова баяндамасы тыңдалынды.

Балабақшада білім беру жүйесінің сатысы ретінде балаларды мектепке даярлауда маңызды қызмет атқарады. Бала мектепке қанағалықты саналы және уақтылы дайындалса, соғұрлым оның кешелекте білім алуы нәтижелі болады. Онда баланың жасын және өміне тән ерекшеліктерін ескере отырып, оның толыққанды қалыптасуы үшін даму ортасын құратын үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейін құру талабы алдымызда тұр. Осы тұжырымдамаға сәйкес мектепке дейінгі мекеменің мақсаты: мектепке дейінгі білім беру, сауықтыру, түзету болса; ал атқарылатын міндеттері:

- бес жастағы балаларды мектепалды даярлығымен толық қамтуды қамтамасыз ету;
- мектепке дейінгі және бастауыш білімнің оқыту бағдарламаларының үйлесімділігін қамтамасыз ету;
- баланың балабақшада оқу қызметін меңгеруге қажетті жеке қасиеттерді тәрбиелеу болып табылады. Көркем шығармаларды әңгімелеп берудің оқып беруден айырмасы әңгімеші мәтінді сөзбе-сөз емес, еркін айтып береді. Тәрбиеші өзі беріле әңгімелесе балалар да үй шығармасын

тыңдайды.

Тәрбиеші мәнермен оқуға даярлану үшін алдымен сөйлеу техникасына жаттығу, дыбыстау мүшелерінің қызметін дұрыс меңгеру керек. Тәрбиеші көркем шығарманы мәнеріне келтіріп, әсерлі оқуы үшін алдымен өзінің дыбыстау мүшелерінің қызметін жетік біліп, әрбір тіл дыбысы қалай жасалады, қалай оқылады дегенге баса назар аударып жаттығуы қажет. Баланы ана тілінде анық, таза, сөйлеуге үйрету ісінде жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел, ертегі айтқызудың маңызы зор екендігін зерттеу нәтижелері дәлелдеген. Мысалы: Жаңылтпаш. Халық баланың тілін ширату үшін, оған сөз үйретіп, сөздік қорын молдайтып, дүниетанымын дамыту мақсатында жаңылтпаштар ойлап шығарған. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан – жақты жетілген, ақыл – парасаты мол, мәдени – ғылыми өрісі озық етін тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз.

3 т ы ң д а л д ы Ұлттық ойындар – қазақ халқының ерте заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын – сауықтардың бір түрі. Оның бастауы алғашқы қауымдық қоғамда шыққан. Ұлттық ойындар негізінде әр халық түрлі – түрлі жаттығулар жасау жолымен дене шынықтыру ісінің негізін салды. Бертін келе шынайы спорт ойындарының шығуына түрткі болды. Оның адам денсаулығына жақсартуда пайдалы аса күшті екені айтылған.

Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұшғаса береді. Әсіресе ұлттық ойындар балаларымыздың денсаулығын нығайтып ұлттық құндылықтарымызды есте сақтауға үйретеді.

4. Т ы ң д а л д ы . Түрлі мәселелер талқыланды. «Қарлығаш» ересек топта өткен жан-жақты тексеру қорытындысы мен балабақша «Балбөбек» ортанғы топ «Балдырған» кіші топ әдіскер Айтмырзаева О таныстырды. Топта балар оқып, ойнау үшін барлық жағдай жасалғанын, оқу тәрбие процесі стандарт талаптарына сай өтіліп жатқанын айтып өтті. Топта дамыту зоналары жабдықталып, балалар еркін алып қолдануына толық жағдай жасалған. Сонымен бірге тексеру барысында анықталған кемшіліктерге тоқталды. Кемшіліктерді толықтыру тез арада жасалатынын айтып өтті тәрбиешілер келісті.

П і к і р б і л д і р д і: Меңгеруші А.Баисбаева тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерінің жақсы қалыптасып келе жатқанын айтып, оқу іс әрекеттерін «жақсы» деп бағалауды ұсынды.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы-талапқа сай
2. Бала тәрбиесінде көркем шығарманың орны тақырыбынд баяндама тындалынсын.
3. Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойындардың маңызы туралы түсінік берілсін.
4. Түрлі мәселелер талқылансын сұрақтарға жауап берілсін.

Кеңес төрайымы

Хатшысы:



А.Баисбаева

Айтмырзасва. О

28.05.2022 ж

Қатысқандар саны–10

Күн тәртібі:

Тақырыбы: «2021-2022 оқу жылының қорытындылары»

Мақсаты: Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу

- 1.Өткен педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы
- 2.Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстарына есеп беру.
- 3.Жазғы сауықтыруіс шараларын бекіту.
- 4.Қорытынды мониторинг туралы

1.Тыңдалды Балабақша меңгерушісі А.Баисбаева өткен кеңестің қаулыларының орындалуы айтып өтті. Балабақшада балалармен жұмыстары бойынша жұмыстар жүргізілгенін, керекті құралдар біршама толықтырылғанына тоқталып өтті. Сонымен бірге меңгеруші оқу жылында тәрбиешілердің жасаған жақсы жұмыстарына тоқталып өтті.

Оқу жылында балалар оқу қызметке жақсы қатыса алатын болды, балалар білімдері жақсарғанын айтып өтті. Тәрбиешілерге ата-аналармен бірлесе жұмыстарды жалғастыра беруді ұсынды.

Тәрбиешілер келісім берді.

2.Тыңдалды Тәрбиешілердің шығармашылық есебі

Тәрбиеші П.Бердалиева «Денсаулық сақтау технологиясын мектепке дейінгі ұйымда жүргізу маңыздылығы» шығармашылық тақырыбы бойынша орындаған жұмыстарына тоқталып өтті. Қалыпсыз тәсілдерді қолдану арқылы: баланың денсаулығын, шығармашылық қиялын дамытуға мектепке дейінгі ұйымдарда бала денсаулығын қатаң қадағалау қажеттілігін айтып өтті.

Тәрбиеші С.Шамшиева, «Мектеп жасына дейінгі балалардың белсенді сөздік қорын дамыту» тақырыбында Кіші топта пайдаланған ойындарын оқу қызметке сөздік қорларын нығайтуды кіріктіргенін айтып өтті.

3.Тыңдалым Меңгеруші А.Баисбаева жазғы сауықтыру кезеңіндегі алынған міндеттермен таныстырды. Педагогтар мен мейірбикеге өз қызметтерін жауапкершілікпен атқаруды міндеттеді.

Қызметкерлер келісім берді.

4. Қортынды мониторинг (өзіңіздің көрсеткіштеріңізді жазыңыз)

2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша

Топтар бойынша мынадай болды:

Кіші топ-3,3

Ортаңғы топ -3,5

Ересек топ-3,9

Қаулы:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы-талапқа сай.
2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары бойынша атқарған жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын
3. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекітілсін.
- 4 .Қорытынды мониторинг есебі тыңдалынсын.

Кеңес төрайымы:



Хатшысы:

А.Баисбаева

Айтмырзаева.О